

Екі айда
бір рет шығатын
республикалық
педагогикалық-
әдістемелік
журнал

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ СОЦИАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГ ПСИХОЛОГ

Республиканский
педагогико-
методический
журнал
Издается один раз
в два месяца

2008 жылдың қыркүйек айынан бастап шыға бастады
Издается с сентября 2008 года

Журнал Қазақстан Республикасының Байланыс және Ақпарат министрлігінде
2011 жылы 20 маусымда қайта тіркеліп, №11770-Ж куәлігі берілді

№3 (89) 2023
МАМЫР-МАУСЫМ
МАЙ-ИЮНЬ

Құрылтайшысы:
**«НҰР» өндірістік мәдени дизайн
орталығы ЖШС**

Учредитель:
**Производственно-культурный
дизайн-центр «НҰР»**

Көшіріп басуда «Әлеуметтік педагог
Социальный педагог Психолог» журналына
сілтеме жасаңыз.

Редакция материалдардың мазмұны мен
дұрыстығына жауап бермейді. Қолжазбалар
мен фотосуреттер рецензияланбайды және
қайтарылмайды.

Редакцияға арналған хаттар мен мақалалары-
ңызды мына адреске жолдаңыздар:

**050010, Алматы қаласы,
Т. Бигелдинов көшесі, №130 үй**
«Әлеуметтік педагог
Социальный педагог Психолог»
журналының редакциясына

Меншік иесі: **«НҰР» өндірістік мәдени
дизайн орталығы ЖШС**

Редакцияның телефоны – 8 701 677 07 38
8 708 936 48 46
Whatsapp – 8 701 677 07 38

Редакцияның мекен-жайы:
Алматы қаласы,
Т. Бигелдинов көшесі, №130 үй

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

А.Т. ҚҰЛСАРИЕВА

философия ғылымдарының докторы,
профессор
Абай атындағы Қазақ Ұлттық
педагогикалық университеті

Ш.Т. ТАУБАЕВА

педагогика ғылымдарының докторы,
профессор
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Г.К. ШИРИНБАЕВА

педагогика ғылымдарының кандидаты,
профессор
Абай атындағы Қазақ Ұлттық
педагогикалық университеті

И.Р. ХАЛИТОВА

педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Абай атындағы Қазақ Ұлттық
педагогикалық университеті

Жауапты редакторы

Әбиева Фаридә Бейбітқызы

МАЗМҰНЫ	СОДЕРЖАНИЕ
КАНИМОВА П.К. Жанұядағы жасөспірімдердің психологиялық денсаулығына, құндылықтар жүйесіне отбасының ықпалы3	ТУРГУМБЕКОВА Г.Е. Стресс-менеджмент23
ЖҮРСІН Н.Қ. Әлеуметтік педагогтің отбасымен жүргізетін жұмыстары4	ИМАНБАЕВА Н.И. «Мен ертеңіме сенемін!»25
ИГЕНОВ Б. Жас ұрпақты әскери-патриоттық сипатта тәрбиелеудегі мәселелер мен оны шешу жолдары5	АЗБЕРГЕНОВА С.Ж. Тренинг: «Мен және менің ортам»26
ТЕЛІКБАЕВА А.С. Отбасы және бала психологиясы7	АБИЕВА Р.А. Менің өмірлік бағытым26
АБДРАХМАН Т.Е. Мектепке дейінгі мекемеде қолданылатын дене шынықтыру, сауықтыру инновациялық технологиялары мен әдістемелері8	ИМАНКУЛОВА М.Қ. АРТ-терапия арқылы түзете-дамыту жұмысы27
АШИРБАЕВА Г.Е. Жайсыз отбасы10	ГАЛИМОВА Г.Б. Түстер әлеміне саяхат29
МАШУРБЕКОВА Б.В. Арт-терапияның инновациялық әдісі «Мандала»12	Қосымша білім. ГЛОССАРИЙ30
БИСЕНОВА Н.Б. Инклюзивті білім беру – түрлі қабілеттердің өзіндік тұтастығы13	ЧИРКОВА Е.Ю. Психофизиологический процесс развития читательской компетенции школьников34
СӘТ З.Қ. Инклюзивті білім берудегі мұғалімнің ерекшеліктері15	ДОСЫМАНОВА Ж.К. Социализация воспитанников учреждений для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей35
АХМЕШОВА М.Н. Бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі16	ДОСЫМАНОВА Ж.К. Критерии успешной социализации личности воспитанника в условиях дома юношества37
ЖУМАБАЕВА Г.К. Инклюзивті білім беру: Қолдаймын. Қарсымын17	МОЛГАЧЕВА Н.П. Безопасность детей в школе40
МАКАСОВА Г.Е. Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыста заманауи технологияларды қолдану18	ШӘКІР П.С. Анализ современных методов коммуникаций между властью и СМИ41
ДРОБА Т.Д., КУТУБАЕВА А.К., МУКАНОВА А.Ж. Дағдарыс жағдайлардан шығудың ұсыныстары 19	ЕСБЕРГЕН Б.Б. Анализ международного опыта антикоррупционной культуры как основы развития государства44
КУБИЕВА Г.Б. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған психологиялық іс-шара сабағы21	ASHIMOVA A.B., AVLABERDIEV M. Problems of adaptation of migrant children in schools and ways to solve them47

Жазылу индексі 74137

Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі
тану. Социальная педагогика и самопознание

aleumettik-pedagog@rambler.ru

ЖАНҰЯДАҒЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫНА, ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІНЕ ОТБАСЫНЫҢ ЫҚПАЛЫ

КАНИМОВА Пердегул Карибаевна

№1 мектеп-гимназиясының педагог-психологі,
Байзақ ауданы, Жамбыл облысы



Баланың психологиялық денсаулығына, оның құндылықтар жүйесіне әрине отбасының ықпалы жоғары болады, сондықтан алдымен баланы тәрбиелемес бұрын ата-ананың өзі тәрбиеленген болуы, яғни бала басты құндылықты отбасынан алуы, ата-ана тәрбиені ақыл айтып емес, өз іс-әрекеті болмысымен дәлелдеуі керек. Сондықтан бүгінгі таңда баланың психологиялық денсаулығына қоғамның, ата-ананың назарын аудару қажет.

Кез келген отбасында баланың дүниеге келуі – сол отбасы үшін үлкен бір қуанышты жаңалық екені сөзсіз. Әрине әрбір балаға отбасылық сүйіспеншілік, қамқорлықпен қатар мейірімділік де қажет.

Отбасындағы бала тәрбиесі дегеніміз бұл – бала ата-анасының физиологиялық және психоәлеуметтік дәл көшірмесі. Ол бойындағы барлық жақсы, жаман қасиеттерді ата-анасынан тікелей алады деуге болады. Бала дүниеге келгеннен бастап оның барлық психологиялық қасиеттері отбасындағы өмір барысында, ең алдымен, ата-анасының әсерімен дамиды. Ата-ана бала санасына нақты нормалар жүйесін енгізеді. Бұл жүйе уақыт өте келе баланың ішкі қажеттілігіне айналады. Сонымен қатар, балада ата-анаға ұқсауға ұмтылу, еліктеу, ата-ананың жүріс-тұрысын, іс-әрекетін, сөйлеу мәнерін, жалпы болмысын қайталау бейімділіктері жүреді. Бала қоршаған ортасымен араласқанда, қарым-қатынас жасаған кезде отбасында көрген үлгілерін дәлме-дәл қайталайды деп айтсақ қателеспейміз. Ата-ана баланы түсіну арқылы оның ішкі әлемін біліп, өмірлік мәселелерін реттеп, жағымды қарым-қатынас, араласу арқылы оның өзіндік менін және коммуникативті сапаларын қалыптастырады.

Бүгінгі таңда ата-ана отбасындағы бала тәрбиесінде мынадай қателіктерге бой алдырып жатады;

- ата-ана не жұмысбасты, немесе балабасты болғандықтан балаға көңіл бөлуге уақыт таппай өмір ағымына тастап қояды;

- ата-ана өз балаларын өте жоғары бағалап, ешқандай сынға көңіл бөлмеуі де жиі кездеседі: «Менің балам бәрінен жақсы, өйткені біздің отбасымыздың тәрбиесі ерекше», «Менің балам жаман оқуы және тәртіпсіздік көрсетуі мүмкін емес», «Мен басқалардың бәрін білемін, олардың барлығы оңбағандар», «Менің баламның істегендерінің бәрі дұрыс, бәрі жөн» деп қабылдауы;

- отбасында зорлық-зомбылық жағдайлардың болуы, әкесі шешесіне қол жұмсап, баланы балағаттауы нәтижесінде баланың жалтақ, ашулы, ызалы болуы, баланың өзгелерге және өзіне қол жұмсауы, баланың шаршауы, ауру-сырқат зардабын шегуі;

- әлеуметтік қиыншылықтарға кездесуі, бай немесе кедей деп бөлінуі, отбасында қайғылы жағдайлардың болуы;

- жоқшылық көріп өскен балалардың ақша проблемасына жолығуы, зиянды заттарды тұтынуға бейім болуы, клептомания, ұрлық жасауға құмарлығы, баланың күнделікті жаратуға ақшасының болмауы немесе ақшасының шамадан артық болуы;

- үйден қашып, ешқандай себепсіз қаңғыруға құмарлығының көрініс беруі;

- баланың тек өз пайдасын ойлауы, жақсы өмір сүруге негізсіз құмарлануы және бір күндігін ғана ойлауы.

Бұл аталған себептердің барлығы баланың өміріне өзінің теріс әсерін тигізіп отырады.

Соңғы жылдарда баланың теріс қылықтары мен жаман әдеттерге құмартуы күннен күнге артуда. Сондықтан ата-аналар көптеген бала өміріндегі жағдайларға көбірек көңіл қоя білуілері керек. Аталған жағдайлардың барлығы баланың өміріне тікелей әсер ететіндігін білулері қажет. Яғни ұлы орыс жазушысы Лев Толстой айтпақшы «Бүгінгі таңдағы ата-аналардың басты қателігі – өзі тәрбиеленбей тұрып баланы тәрбиелеуі» деген сияқты алдымен ата-ананың өзі тәрбиенің не екенін білулері қажет.

Отбасылық тәрбиеде баланы мынадай қылып тәрбиелеу керек деген «қалып» жоқ. Әрбір ата-ана өз білгенінше тәрбиелейді. Дегенмен жалғыз басты ата-аналарға келетін болсақ, олар барлық көңілдерін балаларына бөледі және оларға өз бетімен ешнәрсе істеуге мүмкіндік бермейді. Соның нәтижесінде балаларда бағынушылық, тәуелділік, өзін кінәлі сезіну, өзіне жоғары талап қою, әлсіз, арманшыл болуы секілді тұлғалық ерекшеліктері қалыптасады. Бұл балалардың интеллектісі жоғары, дегенмен ынтасыз, дербестігі төмен болып келеді. Бұл жағдайда ата-аналарды да түсінуге болады, олардың өмірі көптеген қиыншылықтар мен уайымнан тұрады. Олар ашу, ыза, қуаныш, қызғаныш, сенімділік күйініш, өкініш ретінде көрініс береді. Бұл әрине балаға тікелей әсер етеді.

Жалпы мектепте мұғалімдер мен психологтарды мазалайтын басты мәселе бұл «қиын» балалар. Баланың

қиын мінез-құлқының себебі – оның отбасындағы ата-анасымен қарым-қатынасына байланысты. Осы бағытта отбасындағы жайсыз психологиялық ахуалы бар ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас мектеп жасындағы балалардың интеллектуалдық және тұлғалық дамуына көпшілік жағдайда кері әсерін тигізіп отыратыны сөзсіз.

Бұдан шығаратын қорытынды – отбасындағы орта қандай болса, бала сондай болып өседі. Отбасындағы жайсыз ахуал қандай болмасын балаға ауыр әсер етеді. Мұндай жағдайды болдырмау үшін ата-ана төмендегілерге мән беру керек;

1. Шектен тыс жазалау мен шектеуді қолданбауы керек.

2. Баланың қызығушылығын арттыруға көңіл бөлуі керек.

3. Баланы көптеген үйірмелерге қатыстыру, бірақ жағдайды үнемі бақылауда ұстауы керек.

4. Әрине бірінші орында баламен қарым-қатынас жасағанда әдептілікті сақтау керектігін ұмытпағаны жөн.

5. Бастысы, баланың болашағына үлкен сеніммен қарау керек және оған сенетіндігін айтып отыруы қажет.

Жалпы әрбір ата-ана бала тәрбиесінде «баланы жастан» деген аталы сөз бен «не ексең соны орасың» деген халық даналығын жадында ұстағаны дұрыс. Ендеше балаларымыз білікті, қыздарымыз қылықты, ата-аналарымыз үлгілі, отбасыларымыз бақытты болсын.

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТІҢ ОТБАСЫМЕН ЖҮРГІЗЕТІН ЖҰМЫСТАРЫ



ЖҮРСІН **Набат Қыдырбайқызы**

Қарауылкелді орта мектебінің әлеуметтік педагогі,
Байғанин ауданы, Ақтөбе облысы

Әлеуметтік педагогтің қызметі балалардың дамуы мен оны қорғауды қамтамасыз ету заңына негізделген. Әлеуметтік педагог сонымен қатар өз қызметінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңын, басқа да нормативтік актілер мен құжаттарды басшылыққа алады. Қоғам мен отбасы, бала тұлғасы жүйесіндегі аралық келістіруші бола отырып, тәрбиеленушінің қалыптасуына, балалар мен ересектер арасындағы гуманистік, рухани-адамгершілік қарым-қатынастарға ықпал етеді.

Әлеуметтік-педагогикалық қызметтің құрылымы

Бұлардың бірлескен қызметі төмендегідей:

1) Отбасына әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету;

2) Отбасы мен балаларға дәрігерлік, психологиялық-педагогикалық кеңес беру;

3) Балаларды күйзелтетін даулы мәселелерді шешуге көмектеседі;

4) Мінезінде ауытқушылығы бар адамдарға психологиялық және диагностикалық коррекция жасау;

5) Профилактикалық шаралар ұйымдастыру.

Әлеуметтік педагогтің ата-аналармен жұмысына тоқталар болсам, отбасы – жасөспірімдерді әлеу-

меттендірудегі өте маңызды институт. Бұл баланың дамуы мен жеке өмір сүру ортасы. Ол мынадай өлшемдермен анықталады: әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық. Осыған орай әлеуметтік педагогтің ата-аналармен жүргізілетін жұмысы аса маңызды болып саналады. Ол отбасындағы жағдайлар туралы толық мәлімет ала отырып, бала тәрбиесіне байланысты ата-аналармен ынтымақтаса, оларға кәсіби педагогикалық көмек көрсетеді. Педагог пен ата-ананың үнемі ынтымақтаса отырып, әр кезеңде атқаратын міндетінің бірі қалыптастыру болып табылады.

Әлеуметтік педагог:

- Отбасы тәрбиесінің үлгісі, ондағы тәжірибесіне сүйенеді; оны жан-жақты зерттеп, жинақтап таратады; оңды ой-пікірлерді күшейтеді;

- Өз балалары мен сынып оқушыларын тәрбиелеуге қажетті ата-аналардың адамгершілік, әлеуметтік мүмкіндіктері принципіне қарай отбасыларын топтарға бөлу;

- Халықтық педагогика дәстүрлері негізінде әлеуметтік педагог пен ата-аналардың бірлесіп әрекет ету бағдарламасын жасау;

- Өзара тәрбие қызметіндегі ағымдағы және ақырғы нәтижелерді зерттеу.

Отбасыларды 5 топқа бөлуге болады:

1. Жоғары адамгершілік этномәдени қарым-қатынастағы отбасылар. Салауатты өмір салты, моральдік атмосфера қалыптасқан, балалар өз қабілеттерін дамытуға толық мүмкіндік алатын отбасылар.

2. Ата-аналардың қалыптасқан ережеге отбасылар. Бірақ олар тәрбиенің оңды бағытын қамтамасыз ете алмағандықтан педагогтің көңіл аударуына мәжбүр.

3. Дау-жанжалмен өз қарым-қатынастарын реттей алмайтын, балаларына көңіл аудармайтын отбасылар. Мұндай отбасының дау-жанжалы көп уақытқа созылып, баланың азғындығына, мінез ауытқушылығына апарып, отбасын тастап шығуға мәжбүр етеді. Оқу үлгерімі нашар болып, сабақтан қашады.

4. Сырттай сау көрінетін отбасы.

Бірақ іштей рухани азғындық жайлаған, шынайы адамгершілік құндылықтары жоқ, ұрпақтың сезімталдық қасиеті бұзылған. Бұл отбасыларынан шыққан кейбір жасөспірімдер өз отбасының сыртқы «бейнесін» жақсы

көрсете білетіндіктен, мұндай балалармен тәрбие жұмысын жүргізу аса қиындыққа түседі.

5. Қалыптаспаған (жағдайы нашар) отбасылар, дау-жанжалды, бейморальді мінез-құлықта, сотқарлық, қатыгездік орын алған. Баланы қорғау үшін әлеуметтік педагогтің мұндай отбасына үнемі көңіл аударып отыруы, қоғамдық ықпал көрсетуді немесе белсенді араласуы қажет.

Әлеуметтік педагогтің ата-аналармен жүргізетін жұмысы аса маңызды болып саналады. Дұрыс ұйымдастырылған жұмыс жабық (құпия) үйрету сипатына ие болады. Әлеуметтік педагог отбасы тәрбиесінің үлгілі, оңды тәжірибесіне сүйенеді; оны жан-жақты зерттеп, жинақтап, таратады; оңды ой-пікірлерді күшейтіп, терісін реттеп, тәрбие процесінде пайдаланады. Сондықтан:

1. Мұғалімдер мен ата-аналардың өзара сенімділік қарым-қатынастары оңды бағытталған, бірігіп ықпал етудің шешуші және алғашқы шарты болып табылады. Ата-аналардың тәрбиеге көзқарасын жандандырып, табысқа жетуге қажеттілік және өз күшіне сенімділік тудыру үшін дұрыс байланыс орнатудың маңызы зор.

2. Әлеуметтік педагогтің неғұрлым маңызды міндеттерінің бірі – ата-аналарды педагогикалық білім мен дағдыға, оның теориялық және практикалық ықылымдарын меңгеруіне, әсіресе тәрбиені ұйымдастыру шеберлігін жетілдіру болып табылады.

Әлеуметтік педагогтің отбасымен бірлесіп әрекет етуін ұйымдастыруы мына мүмкіндіктерді тудырады:

- өз балалары мен сынып оқушыларын тәрбиелеуде этнопедагогикалық потенциалын анықтау мақсатында отбасы мен туысқандарын зерттеу;

- ата-аналардың адамгершілік, әлеуметтік мүмкіндіктері принципін қарай отбасыларын топтарға бөлу;

- ата-аналармен бірлесіп әрекет жасау бағдарламасын құру;

- өзара тәрбие қызметіндегі ағымдағы және ақырғы нәтижелерді зерттеу;

- баланың отбасын зерттеу, оның өмір сүру қағидаларын, көп құрылымдығын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, рухани құндылықтарын тәрбие мүмкіндіктерін, оқушының ата-аналарымен қарым-қатынасын терең түсіну – әлеуметтік педагогтің отбасына етене жақындау.

Мұнымен қатар, әлеуметтік педагог кешенді дәстүрлерді, әдіс-тәсілдерді, психологиялық-педагогикалық диагностиканы: бақылау, байқау, пікірлесу, тестілеу, анкета жүргізу, іскерлік ойындар өткізу, балалар шығармашылығын пайдалану, т.б. жүргізе алады.

Әлеуметтік педагог

төмендегі ережелерді сақтауы тиіс:

- ата-аналар мен балалар өзін зерттеу объектісі ретінде сезінбеуі тиіс;

- зерттеу мақсатты, жоспарлы, үздіксіз және системалы жүргізілуі тиіс;

- зерттеу әдістері халықтық дәстүрлі тәрбие әдістерімен байланыста болуы тиіс;

- психологиялық-педагогикалық әдістер әр түрлі, сан қилы кешенді пайдаланылуы тиіс.

ЖАС ҰРПАҚТЫ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ СИПАТТА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

ИГЕНОВ Баймұса

ішкі істер қызметінің ардагері,
Жезқазған бизнес және көлік колледжінің
түлектерді еңбекпен қамтуға ықпал ету
бөлімінің меңгерушісі

Бүгінде «Мәңгілік ел» санатына ұмтылып жатқан сан жылдар тарихы бар, мың өліп, мың тірілген, қан майдандарда, қырғын шайқастарда жанкешті ерлік көрсетіп қыршын өмірлерін қиған, осынау ұлан-байтақ ұлы даламызды, қасиетті ұлы халқымызды ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап сақтап бізге мұра етіп қалдырған әйгілі хандарымыз, қаһарман қолбасшыларымыз, қырағы батырларымыз мекендеген Отанымыз – Қазақстан Республикасы егеменді ел болып, өркениетке бет бұра бой түзеп жатқанына да 32 жыл толғалы отыр. Иә, еркін ел болуды ата-бабамыз аңсап жете алмай кеткен, арманға айналған тәуелсіздікті көзбен көру, сол ортада бақытты өмір кешу, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған бейбіт елде мекен етуді тағдыр біздің пешенемізге жазыпты. Осы өлшеусіз бақыттың, асыл құндылықтардың мәнін түсініп бағасына жете алып жүрміз бе?

Ата-баба дәстүр-салтын өркендетіп, олардың алдында арымыз таза, парызымыз өтеліп жатыр ма?

Иә, қазір көбіміз тәубеге келіп, еліміздің еркіндігі үшін қызмет етіп, ұрпақ тәрбиелеудің орнына, керісінше, нарық заманына сай сұраныстарымыз күн сайын көбейіп, мемлекет басындағыларға сын-миниміз бен өкпе-назымыз арту үрдісі белең алуда.

Әрбір азаматты «мен не істеп жатырмын еліме, жеріме, артыма қандай із қалдырам, қай жерде қалай өзімді іске асыра алам» деген ойлар мазаламай ма?! Осы сұрақты әркім өзіне қойып, өзі жауап берсе, көңіл көншітерлік нәтиже аздау болуы да мүмкін. Өйткені, қазір біз қоғамда өзімізді тек тұтынушы ретінде ұстауға тырысамыз; маған ананы бер, мынаны бер, ананы істе, мынаны істе деген талаптар көбеюде. Техниканың өркендеуі сияқты уақыт та бүгінде зымырап өтіп жатыр, ал уақыттан асқан сыйлық жоқ, уақыт – бізге берілген зор мүмкіндіктер, соны тиімді әрі пайдалы жұмсау басты мақсатқа айналу керек.

Бүгінгі жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеу төңірегінде қордаланған мәселелер көп. Бұл сұрақ мені үнемі мазалайды: біздің артымызда қалар ғұмырымызды жалғастырушы, еліне еңбегін сіңіріп, ұлан-байтақ мекенімізді қорғап сақтаушы, бүгінгі жас азаматтарымыз өзіне жүктелген үлкен миссияны орындауға дайын ба?

Бұл жағдайда көп мәселе туындап отырғанын барлығымыз білеміз. Техникалық прогресс, ғаламдану біздің ұлтымызға да рухани дағдарыстар әкеліп отырғаны рас. Соның салдарынан бүгінгі азамат

тұрмысындағы заманауи өзгерістер көптеген келеңсіз әлеуметтік мәселелерді ерекше көбейтіп отыр. Мысалы, жас ұрпақ тәрбиесі, нақты айтқанда, ұл бала тәрбиесі негізінен әжелер мен аналар қолында қалуы жасырын емес.

«Ел боламын десең, бесігінді түзе» дейтін халқымыз, тәрбие отбасынан басталып Отанға ұласатынын естен шығарып алған сияқты, соның салдарынан отбасындағы отаншылдық тәрбие біртіндеп күйреуде.

Қазіргі тәрбиенің қарапайым мына үлгісін мысалға келтірейін: отбасында бала не ішем, не киемін демейді, оның барлық талабы мен сұранысы орындалып отырады, ата-ана баласына қарсы келмейді, өйткені, оның тағдырына алаң (балаға бір нәрсе болып қала ма деп), қымбат киім, қымбат гаджет, көлік, қысқасы, ата-ана ертеден кешке дейін жұмыс істеп баласының тәлім-тәрбиесінен гөрі, оның материалдық жағына басымдылық береді.

Бала жайлы аквариумде өмір сүреді, оған жасына сай міндеттер жүктелмейді, есесіне, оның құқықтары мен талаптары үнемі орындалып отырады, баланың күнұзақ қолы бос, әлеуметтік желі – оның тәрбиешісі, сырласы, мұңдасы. Осындай тәрбиедегі бала аурушаң, бойкүйез, еңбекке қыры жоқ, кітап оқымайды, мәдени орындарға бармайды, арагидік қана спортпен айналысады. Өсе келе, ата-ана өз баласына сөзін өткізіп тыңдата алмайды, өйткені өзіншіл бала өз дегенін істейді, өзі үшін өмір сүреді, ата-ана алдындағы борышы, туған-туысқанға деген міндеті, ел алдындағы парызы туралы ойлауға да уақыты жоқ, мұндай баланың ата-анасында қорқыныш сезімі басым болады, бала болашағы үшін, тәрбиеден қателіктер жібергенін кеш түсінеді.

Бұл қателіктер бала ер жетіп әскер қатарына бару кезеңінде де үлкен көрініс табады. Өйткені, бірінші тәрбиешіге айналған әжелер-аналар баламызды әскерге жібермейміз, онда оларды ұрып-соғады, жәбірлейді, өлтіріп тастайды деген желеумен әскерге жібермеу үшін әртүрлі әрекеттерге барады. «Жоқ, мен әскерге баруым керек, әскер – менің азаматтық борышыма ғой» - деп, өзі шешіп алға ұмтылып тұрған бала да аз. Бұл жағдайдың негізгі себептерінің бірі жоғарыда айтылған отбасында жіберілген қателіктер, яғни, бала бұған кінәлі емес, оған тәрбие берген тәлімгер кінәлі.

Ал енді әскер туралы айтсам: «Әскери қызмет дегеніміз – дені сау, саналы әр бозбаланың Отан, ел алдындағы қасиетті міндеті. Әскер дегеніміз – баланы ұрып-соғып, дене жарақатын жасайтын жер емес, қайта оны жауынгер ретінде шымырлатып, дене бітімін жетілдіретін, қайсар азамат етіп қалыптастыратын, қатаң тәртіпке негізделген тәрбие орталығы. Отбасындағы кейбір олқылықтар осы жерде түзетіліп реттеледі, алысқа кеткен баланың жүрегінде жақындарына деген сағыныш, құрмет, мейірімділік, жауапкершілік сезімдері оянады. Қысқа мерзім ішінде қарулар мен түрлі техниканы меңгеріп, Отанына лайықты қорғаушы жауынгер болу ісіне машықталады, бұл жас ұрпаққа керемет тәрбие мектебі емес пе?!

Ал, ата-анаға әскер туралы қорқыныш қайдан келуде? Ол күнделікті жағымсыз аппараттардан және әлеуметтік желілерден келеді, қазіргі уақытта көптеген жас сарбаздарымыз Отан алдындағы міндеттерін адал атқаруда, бейбіт елімізде олар тарапынан жаса-

латын ерліктер де аз емес, алайда, теріс, қорқынышты ақпараттар жағы басым (сабады, асты, атты, өлді деген).

Бүгінде әскерде өлу фактілерінің бар екені де жасырын емес, бірақ мұның басты себебі – тағы да отбасы тәрбиесіндегі жіберілген кемшіліктерде жатқаны ақиқат. Бойкүйез, ынжық, қиындықты көрмеген бала әскердегі кейбір жағымсыз дәстүрлерге, кездескен қиындықтарға шыдай алмай, одан шығар жолды дұрыс жол таба алмай, шарасыздықтан өздеріне қол салып өмірлерін қиып жататын жайттар жиі кездеседі, өйткені, жас жауынгер бойындағы төзімсіздік пен қорқыныш жеңеді. Көп жастарда қайтпас қайсарлық мінез жоқ, проблеманы сауатты шешуге де қауқарсыз, соңы, өкінішке орай, қайғылы оқиғалармен аяқталып жатады.

Осы ретте, қаһарман қолбасшы Бауыржан Момышұлының өміршең нақылдары еске түседі, «Елін сүйген жауынгер – ер болады», «Тәртіп – жауынгердің бірінші қаруы», «Елін сүй – отбасындағы сүйіспеншілік пен мейірімділіктен басталады» деген сөздері. Ата-ана баласына мейірімін төгеді, ал сол мейірім баладан ата-анасына, еліне қайтып жатса нұр үстіне нұр емес пе?! Мейірімсіз бала бүгін – әскерден, ертең – ата-анасынан, одан кейін – өз отбасынан, ошағынан безіп жатқан жағдайда жетім бала, жесір әйел, қарттар үйі көбейіп жатқан проблемалар тағы бар. Бауыржан атамыз «жиырма жас – тарихи ерліктер жасайтын жас» деген, ал қазіргі жиырма жастағылардың көбі мамасының маңайынан шыға алмай жүр. Бүгінде ата-баба салтымен «өмірде ар қымбат», «өлімнен ұят күшті» деп өмір сүретін ұрпақ азайып бара жатқан сияқты. Ал ар мен ұятты аяққа таптап, әскери міндетінен ер баланы айырғанда, оны қайда апарып тығамыз, елді, жерді бейбіт өмірді кім қорғайды?!

Бүгінде кеңес заманын көп сынаймыз, алайда, біз сол заманда оқып өстік, сол ұрпақ тез ер жетуге асығатынбыз, әскерге бару – үлкен мәртебе болып саналатын, бармай қалу – реніш, ол бір кемшілік болып тұратын. Ол уақытта әскерге алыс жат елдерге кететін, еш ата-ана еріп бармайды, кездеспейді, арада хаттар ғана жүретін, қазіргі әскердің тарихы мүлдем басқаша: жақын маңда, аз мерзімге кетеді, ата-ана барып тұрады, байланыс құралдары да жетілген, солай бола тұра, әскери міндеттен бас тарту, ата-ананың осы мәселеге теріс қарауы белең алуда.

Осы орайда, ұрпақ тәрбиесіне мін тағып, батыл сын айтуға менің жеке еңбек тарихымдағы жинақтаған тәжірибелерім мүмкіндік беріп отыр деп ойлаймын, өйткені, менің еңбек жолым тікелей немесе жанама ұрпақ тәрбиесімен байланыста болды. Құрдастарым сияқты Қарқаралы мал дәрігерлік техникумында оқып жүріп, әскер қатарына шақырылдым, Беларусь жерінде 1973-1975 ж.ж. танк бөлімінде әскери борышымды адал өтеп елге оралдым. Арнайы кәсіби білімі жоқ біздей жастарды, ол кезде комсомолдық жолдамамен ішкі істер бөлімі жұмысқа қабылдайтын еді, осындай жолмен 1975-1997 ж.ж. арасында сол кездегі Никольский қаласының ішкі істер бөліміне қатардағы милиционер лауазымына қабылданып, қоғамдық тәртіп қорғау патрульдік қызметінде майор шеніне дейін еңбек еттім.

Өзім басқарған ротамда жиырмалардан енді ғана асқан, әскерден қайтқан елу шақты жас жігіттерге әскери дайындықпен қатар, жеке тәлім-тәрбие

ұйымдастырдым. Олардан алған алғысым мол, үкімет тарапынан да алған марапаттарым бар.

Еңбектен қол үзбей жүріп алған педагогикалық жоғары алған білім маған Сәтбаев қаласының «Мерей» балалар үйінің директоры қызметіне тағайындалуыма мүмкіндік берді: 9 жыл бойы балалар үйінде тағдыр тауқыметін өткерген бүлдіршіндерді жаңа өмірге қанат қақтырдым. Бұдан ары Сәтбаев қаласында №19 лицейде, одан кейін С. Сейфуллин атындағы гимназиясында өткізген алғашқы әскери дайындық пәнін ұйымдастырушы-педагог қызметім менің тәрбие беру тарихыма жаңа мазмұн әкелгендей болды: екі мектепте де осы пәнге аса мән берілмей келген екен, оның орнына ҰБТ-ға, емтиханға дайындық сабақтарымен алмастыра салу әдеттері бар екен, бірақ мен өз пәнімнің мәртебесін, мәнін түсіндіре отырып талаптарымды қойдым, осыдан кейін оқушылардың да әскери пәнге деген қызығушылықтары артты.

Алғашқы аталған мектепте «Намыс» әскери-патриоттық клубын ашып, оған тәрбиесі қиын балаларды тарттым, тиісті нәтижелер де алдым. Гимназияда да талаптар қойылған соң, АӘД пәніне деген құрмет артты. Республикалық «Жас сарбаз» бірлестігінен тапсырыс алып, сонда тіркеліп «Жас қаһарман» әскери-патриоттық клубын және кадет сыныбын аштым, орталықтан арнайы киімдер мен құралдар алып, «Ұлан», «Алау» атты әскери-патриоттық қалалық, облыстық жарыстарға қатыстық және онда да жеңістер мен жетістіктер көп болды. Әуелде, орыс сыныбындағы оқушылар мен ата-аналар АӘД пәнін менсінбей, оған мән бермей келсе, кейін «военрук тек қазақ балаларын ғана дайындап жатыр, біздің де балаларымыз неге қатыспайды?» деген наразылықтар пайда болды. Осыдан бастап, орыс бөлімі де әскери ойындарға белсене қатыса бастады. Шәкірттердің сеніміне, ата-аналардың алғысына бөлендім.

«Қалауын тапса, қар жанады» демекші, жас ұрпаққа әскери-патриоттық тәлім-тәрбие беруде біраз нәтижелер жинақталды. Ең бастысы, балалар тәрбиесінде ілгерілеу орын алды: тәртіпке бағыну, ойын, бойын түзеу, байсалдылыққа, жинақылыққа, қоршаған ортасын сыйлауға бейімделді, жігерлі, намысқой болудың мәнін түсінді.

Мен ұрпақ тәрбиесіндегі өз тәжірибелерімді бөлісуде мақтану немесе насихаттау мақсатын ұстанған жоқпын. Тек, ер балаларды ержүрек саналы тұлға ретінде қалыптастыруда, қатаң тәртіп пен орынды талаптарға негізделген әскери-патриоттық тәрбиенің жастар болашағына үлкен мәні мен зор ықпалы бар екенін айтқым келіп отыр.

Өз сөзімді қорыта келсем, егеменді еліміздің келешегін, ана тіліміздің болашағын, ұлттық әдеп-ғұрпымызды, тарихы бай жауынгерлік мұраларымызды, тәлім-тәрбие өзегі ретінде үнемі насихаттау – тәрбиеші ата-ана, ұстаз, тәлімгердің алтын кілті, тәрбие діңгегі дер едім.

«Балам дейтін елі болмаса, елім дейтін бала қайдан шығады» дегендей саналы, елжанды, қайсарлы ұрпақ тәрбиелеу ісінен шет қалмай көпшілік болып атсалысайық!

Ата тарихымызды, ерлік дәстүрлерімізді жалғастыра отырып, үлгілі тұлға бейнесін бірге жасайық!

ОТБАСЫ ЖӘНЕ БАЛА ПСИХОЛОГИЯСЫ

ТЕЛІКБАЕВА Айгул Сейдиазімқызы

педагог-психолог,

М. Жұмабаев атындағы №39 жалпы

орта білім беретін мектебі, Шымкент қаласы

Отбасы – адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, оның бірі – дүниеге ұрпақ әкелу, екіншісі – дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастыру.

Отбасының бала тәрбиесіндегі міндеттері:

- Баланың дене және танымдық дамуы үшін максималды қауіпсіз жағдайлар мен түрлі мүмкіндіктер жасау;
- Баланы эмоционалдық қолдауды қамтамасыз ету;
- Баланың тіршілік іс-әрекетінде қауіпсіздік туралы алғашқы білім қалыптастыру;

- Балаларды өз-өзіне қызмет етуге және жақындарына көмектесуге бағытталған қолданбалы дағдылар мен іскерлікке үйрету;

- Тілдік қатынастың дамуын қамтамасыз ету;

- Баланың бейімі мен қызығушылығын дамыту.

Мектеп жасына дейінгі кезеңде (3-7 жас) бала организмнің дамуы қарқынды түрде өтеді. Бала организмнің жалпы өсуі мен жекелеген мүшелерінің анатомиялық түрде дамуы, олардың функцияларының жетілуі де байқалады. Ерте сәбилік шаққа қарағанда баланың әлеуметтік орны өзгереді, енді оның жасына сай кейбір қарапайым өздігінен атқаратын міндеттер пайда болып, үлкендерден тәуелділігі азаяды.

Балабақшаға барған балаға белгілі бағдарлама бойынша жүйелі оқыту мүмкіндігі туады. Бала дамуының ерекшеліктері оған тән іс-әрекет түрлерінен, әсіресе сюжеттік-рөлдік ойындардан көрінеді. Бала өзімен қатар басқа балалармен қарым-қатынас жасай бастайды. Бұл кездегі баланың жетекші іс-әрекеті – ойын. Ойынның арқасында балада сапалы психологиялық өзгерістер пайда болады, онда үйрену әрекетінің негіздері қаланады.

1. Ойын барысында баланың ырықты зейіні мен ырықты есі дамиды, оның өзі тілдің дамуына септігін тигізеді.

2. Ойынмен қатар бала психологиясының дамуында іс-әрекеттің тағы бір түрі – жемісті, өнімді еңбек ету іс-әрекеті атқарылады. Оған – сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру жатады. Мектепке дейінгі балаларды кейбір жекелеген еңбек тапсырмаларды орындауға да үйретеді. Осының нәтижесінде бала оқу әрекетінің элементтерін игереді.

3. Ал оқу міндеті – қандай да болмасын бір жаңалыққа үйрену пайда болғанда ғана қалыптасады. Оқу міндетінің бөлінуі 6-7 жаста қалыптасады, осыған байланысты балалар үлкендер нұсқауын зейін қоя тыңдап, орындайды, өзін-өзі бақылауы пайда болады. Оқу әрекеті бала психикасына, оның қабылдау, зейін, ес, ойлау үрдістерінің ырықтылығы мен басқарылуына талаптар қойып, тиісті психологиялық қасиеттердің

қалыптасуына әкеледі. Баланың психологиясының дамуы мен қалыптасуына сенсорлық қабілеттер мен таным процестерінің қалыптасуы үлкен әсер етеді.

Бұл кез баланың сезімдік тәжірибесінің молайып ретке келу шағы, қабылдау мен ойлауы, қиялы күшті дамып, ырықты зейіні мен мағыналы естің бастамаларының қалыптасу кезеңі болады. 3 жастан 7 жасқа дейін көру, есту, тері-қимыл сезгіштігі едәуір жоғарылайды. Көргіштігі артып, түстердің түрін ажыратуы жоғарылап, фонематикалық және жоғары дыбыстарды естуі дамиды. Қабылдаудың дамуы үшін сенсорлық эталондар жүйесін меңгерту зор. Сенсорлық эталондарға – спектр түстері (7 негізгі түс), геометриялық пішіндер, музыкалық дыбыстар, тіл фонемалары жатады. Үшбұрыш – үй шатыры сияқты, дөңгелек – доп тәрізді, қызыл түс шиенің түсі. Баланың сыртқы дүние заттарын қозғамай бейнелер арқылы ойлай алуында осы заңдылық жатыр. Осының негізінде балада көрнекі-бейнелі және логикалы ойлау қалыптасады.

Ойлау формалары: ұғым, пікір, ой қорытындысы. Мектеп жасына дейінгі балалар уақытты және кеңістікті қабылдауда көп қиналады. «Оң қол», «Сол қол» дегенді шатастырады, пішіндердің суретін салуда көлем, бұрыш, енінің өзара кеңістіктегі арақатынасын ажырату қиынға түседі. Ал, уақыт жайында «кеше, бүгін, ертең, арғы күні» ұғымдарын шатастырады. Мысалы: «біз кеше барамыз» деуі әбден мүмкін.

Зейіннің тұрақтылығы: бөбектерде 30-40 мин, 6-7 жаста 1-1,5 сағат. Арнайы есте қалдыру аз. Тек нақты бейнелерді, суретке түсіргендей есте сақтауы «Эйдитикалық ес» деп аталады.

Қиялы: Ойын негізінде ертегіге қызығушылық қабілетін қалыптастыру.

Жеке басының қалыптасуы:

1. «Мен» ұғымы қалыптасады. Балалармен қарым-қатынасы ойын үстінде, егер үлкендермен қатынасы жақсы болса, тілін алады.

2. Істің не ойынның қызғылықты болуы.

3. Кейде қызықтаса да басқалармен қатар істеуге талпынады.

4. Өзін басқалар алдында азамат етіп көрсеткісі келеді.

Мектепке дайындығы:

1. Оқуға деген ықыласы.

2. Оқу – жаңа әрекет, оған төзімділік керек, 45 минут ерік жігерінің дамуы арқасында.

3. Зейінді болып, мұғалімнің сөзін қабылдауын қажет етеді.

4. Оқу материалын ұғынып, оны саналы түрде еске сақтау, қиын мәселелерді шешуге ойлана бастауы қажет.

5. Айтайын деген ойын жеткізе білуі.

Міне отбасында бала психологиясын біле отырып, ата-ана болып бала тәрбиесіне, білім алуына, өсіп-өнуіне зор көңіл бөлу қажет деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жарықбаев Қ., Озғанбаев О. Жантануға кіріспе.

– Алматы, 2000 жыл.

2. Жарықбаев Қ. Жүсіпбек Аймауытұлының «Психологиялық көзқарастары».

– Алматы, 2000 жыл.

3. Тәжібаев Т. Жалпы психология. 2000 жыл.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ, САУЫҚТЫРУ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕМЕЛЕРІ

АБДРАХМАН Толғанай Ергалықызы

«Айгөлек» бөбекжайы» КМҚК,

Балқаш қаласы, Қарағанды облысы

Салауатты Қазақстан салтын қалыптастырудың маңыздылығын Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясында «Ұлт денсаулығы – біздің табысты болашағымыздың негізі» атты бөлімінде «Егеменді еліміздің болашағы қазіргі жастар десек, олардың денсаулығының мықты болып, шынығып өскені абзал» деген. Оның негізі осы кезден қаланатын болса, өмірге өскелең ұрпақ келер деп атап өтті.

Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту бүгінгі мектепке дейінгі мекемелердің басты мақсаттарының бірі болып отыр. «Саулық – байлық негізі» деп айтқандай, әрбір адам салауатты өмір салтымен өмір сүру үшін аурудың алдын алу және болдырмау керек. Бала денсаулығының мықты болуы, қозғалуы, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан бөбекжайымыздың алдыға қойған мақсаты: бала денсаулығы деңгейін нығайту және көтеру, тәрбиешілерді, ата-аналарды және олардың балаларын дене шынықтыру мен салауатты өмір салтына тарту.

Негізгі міндеттеріміз:

- Баланың денсаулығын нығайта отырып, өздігінен дағдыландыру;

- Балалардың денсаулығын нығайту және сақтау;

- Қабілеттері мен дене сапаларына байланысты қалыптастыру;

- Ептілік, тепе-теңдік, жылдамдық, икемділік, күштілік, қимыл коррекцияларын, қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамыту;

- Ата-аналармен ынтымақтастық орнату;

- Дене және психикалық дамуын қамтамасыз ету.

Осы қойылған міндеттерді табысты шешу тек дене тәрбиесінің барлық құралдарын кешенді пайдаланған кезде ғана мүмкіндік береді. Сондықтан да денсаулық традициясын тиімді режим, шынықтыру және қимыл құрайды және де дені сау бала тәрбиелеу үшін жұмысты төменгі бағыт бойынша жүргіземіз:

- Балалардың дене дамуы және ауруын азайту үшін жағдай жасау;

- Тәрбиешілердің педагогикалық шеберлігі мен іскерлік біліктілігін арттыру;

- Медбикемен бірлесіп, дене шынықтыру-сауықтыру міндеттерін кешенді шешу;

- Жаңа көзқарастар мен технологияларды пайдалану;
- Бөбекжай мен отбасының бірлескен жұмысы.

Бөбекжайымызда дене шынықтыру мазмұнды жүргізілуіне, дене жаттығулары, табиғаттың сауықтырушы күші, гигиеналық және әлеуметтік-тұрмыстық факторлар қолданылады.

Дене жаттығуы – дене тәрбиесінің негізгі және ерекше құралы, ол педагогтің арнайы іріктеп алған, әдістемелік дұрыс ұйымдастырылған және басқаруға болатын қозғалыс пен белсенді қимыл-әрекеттеріне негізделген. Дене жаттығуы баланың жан-жақты жетілуіне ықпал етеді. Дене шынықтыру оқу іс-әрекетінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылады.

Бөбекжайға таңертеңгі келген уақыттан бастап күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (таңғы жаттығу, қимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын-сауықтар) өткіземіз.

Дене шынықтыру оқу іс-әрекеті балаларды қимылға үйретудің негізгі қалыбы болып табылады. Ол әрбір жас топтарында аптасына екі рет, мектеп алды даярлық топтарында аптасына үш рет өткізіледі.

Дене шынықтыру оқу іс-әрекеті денсаулыққа тікелей байланысты болғандықтан әр топ тәрбиеленушілері арнайы формамен қатысады. Таңертеңгі жаттығу жасарда тәрбиешілер әр түрлі құралмен, құралсыз жаттығулар жоспарлап, орындайды. Жалпы дамыту жаттығулары үшін жалаушалар, әр түрлі көлемдегі доптар, кеглилар, гимнастикалық таяқшалар, ленталар пайдаланады. Балалар негізгі қалыпқа дұрыс тұрып жаттығулардың жасалу техникасын дұрыс сақтап, тәрбиешінің нұсқауы мен қимылдап, барлық бала бірдей қимылдап орындайды. Таңертеңгі жаттығуды орындау уақыты бекітіліп, кестеге сай жүргізіледі. Дене шынықтыру оқу ойын-әрекетінде балалардың ақыл-ой тәрбиесі ғана жетілмейді, адамгершілік қасиеттері де қалыптасады, балаларда ойын кезінде өздерін ұстау қабілеттері дамиды. Допты лақтырып, қағып алу, допты бір-біріне лақтыру, ұзындыққа секіру, гимнастикалық қабырғаға өрмелеп мініп-түсу, гимнастикалық орындық үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруге үйретеміз.

Дені сау баланың ақыл-ойы айқын, өзіне сенімді, жан-жағына қуанышпен шаттана қарайтын болуы шарт. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан бала ағзасының қызметін жетілдіру, қабілеттің арттыру ең басты міндетіміз. Ағзаның қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Сондай-ақ баланың қозғалысын жетілдіру, қимыл-қозғалыс дағдыларын және дененің икемділігін, шапшаңдық, күштілік, төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастыруға тұрмыста және дене шынықтыру оқу ойын-әрекетінде қажетті жеке және қоғамдық гигиена дағдыларын дамытуға басты назар аударылады.

Мысалға, дене шынықтыру оқу ойын-әрекетінде жалпы дамыту жаттығуларын бүлдіршіндермен

орындағанда майтабандылықтың алдын алу жолдарын орындаймыз. Әр топтан бүлдіршіндердің табан іздері алынып, майтабан балалардың тізімі анықталады. Майтабандылықты болдырмау мақсатында күндізгі ұйқыдан тұрған кезде топ тәрбиешілері қақпақшалардан тігілген, тас толтырлыған кенептен жасалған, түрлі моншақтардан тігілген денсаулық жолақшаларынан жалаң аяқ жүргізеді, ал дене шынықтыру нұсқаушысы күннің екінші жартысында бекітілген кестеге сәйкес ағаштан жасалған таяқшалармен табандарын алға-артқа итеріп, кішкене қатты, жұмсақ доптармен табанды айналдырып, едендегі жұмсақ қағаздармен табандарын қысып, умаждап, ұсақ заттарды табанымен алып бір орынан екінші орынға жинап екі табанының арасына допты қысып, кетеріп, табан дөңестерінің алдын алу жаттығуларын балалармен бірге орындайды.

Дене шынықтырудан үйренген қимыл-әрекеттер серуен кезінде, спорттық шараларда жетілдіріледі. Жылдық жоспарға сәйкес әр ай сайын бөбекжай ішілік спорттық іс-шаралар, ата-аналармен жарыстар, мерекелер ұйымдастырылып өткізіледі. Мектепке дейінгі білім беру стандарты ата-ана, бала, тәрбиеші арасындағы тығыз байланысты орнатуға мүмкін беріп отыр. Ата-аналардың қатысуымен өткізілетін ойындар мен эстафеталық жарыстардың мақсаты – баланың денсаулығын жақсарту, спорттық ойынға деген қызығушылығын ояту, балалардың бір-бірімен қарым-қатынасын нығайтып, дені сау азамат болуына, дене, аяқ-қол бұлшық еттерін шынықтыру, спортты сүйеге тәрбиелеу. Яғни сауықтыру-шынықтыру шараларының қарапайым түрлерін тереңдетіп, күрделендіре отырып жүзеге асырылуда.

Бала ағзасының мүмкіндіктерін арттыра түсу үшін, күн кездерінде дене шынықтыру оқу тәрбиесі таза ауада өткізіледі. Таза ауадағы дене шынықтыру балалардың тек қана денесін шынықтырып емес, сондай-ақ тәрбиелік мәні бар білімін ұштастыруға септігін тигізеді. Бірін-бірі сыйлау, ұйымшылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеуде мәні зор. Спорттық, қимылды, ұлттық ойындар арқылы балаларды төзімділікке, қайратты, шымыр болуға тәрбиелейді.

Таза ауадағы дене шынықтыруды өткізу үшін спорт алаңында әр түрлі өрмелеуге арналған баспалдақтар, жаттығуға арналған орындық, кедергілер бар. Сауықтыру шараларына медбике жиі қатысып, тексеріп тұрады. Балалардың өсіп-жетілуіне, олардың денсаулығын шынықтыру шаралары көктемнен бастап ертеңгілік жаттығуларды таза ауада өткізуден басталады. Жаз айларында, жалаң аяқ жүру, аяқтарын сумен шаю, ауыздарын тұзды сумен шайқау, тұзды кенеппен жүруге дейін жеткіземіз.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл», ата-аналардың бөбекжаймен байланысын дұрыс жолға қоюға жұмыстар жүргіземіз. Бөбекжайда дене шынықтыру кезінде бала дұрыс қозғалыста болуы үшін жыл мезгілдеріне сай киіндіруге, демалыс күндерінде үйде жаттығулар жасауға, ашық есік күні, мерекелік ертеңгіліктерге,

түрлі спорттық ойындарға ата-аналардың белсене қатысып, қызығушылық танытуын ынтымақтаса жүргізілген жұмыстардың нәтижесі деп білеміз. Серуенге шығып ойнаған, жылы сөз, мақтау, мадақтау естіген, спортпен шұғылданған, шыныққан бала әрқашан да ауруға төтеп беретін, жігерлі, ақылды болып өседі. Бала денсаулығы жақсы, шыныққан, көңіл күйінің жоғары, ынталы болуы үлкендерге, яғни ата-ана мен тәрбиешіге, қоршаған ортаға байланысты.

Ойымды қорыта келе, жас ұрпаққа адам денсаулығының қажеттілігін, басты байлық денсаулық екенін түсіндіру, қимыл-әрекетке жаттықтыру.

Дұрыс тамақтанудың, дәрумендердің пайдасын, таза жүрудің адам денсаулығы үшін маңызды екенін түсіндіру, сондай-ақ дұрыс өсіп-жетілуі үшін денсаулығын күтуді үйрету, салауатты өмір салтын сақтап, өмір сүруге дағдыландыру мақсатында балалардың өздігінен шешім қабылдауын және де өз тандауы мен енбегінің, шығармашылығының нәтижесіне өзін жауапты ететін айқын мәселелерге ынталандыру міндеттерді орындайды.

ЖАЙСЫЗ ОТБАСЫ

АШИРБАЕВА Гулнара Ергалиевна

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының
Жуалы ауданының №5 Михаил Ломоносов
атындағы орта мектебінің әлеуметтік педагогі

Әлеуметтік пасторт бойынша

әр түрлі санаттағы оқушылармен жұмыс

• Аз қамтылған, жетім, толық емес және көп балалы отбасы балаларының тізімін жасау;

• Аз қамтылған, жетім, толық емес және көп балалы отбасы балаларын тегін оқулықпен қамтамасыз ету;

• Аз қамтылған, жетім, толық емес және көп балалы отбасы балаларын бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында оқушылардың құжаттарын рәсімдеу;

• Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан материалдық көмек берілетін оқушылардың тізімін талдау және бекіту;

• Үйден оқытуды қажет ететін оқушылардың тізімін анықтау және үйде оқыту жұмыс жоспарының орындалуын қадағалау;

• Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі және облыстық білім басқармасымен «Мектепке жол» атты акция мақсатын басшылыққа ала отырып, мекеме басшыларымен, кәсіпкерлермен бірігіп қамқорлық акциясын ұйымдастыру.

Аудандық және президенттік шырша мерекесіне қатысатын оқушыларды таңдау және жіберу;

• Ауыл, аудан, облыс, республика шеңберлерінде өткізілетін демалыс ауысымдарына арнаулы әлеуметтік санаттардағы сұранысқа сәйкес балаларды жіберу, демалуларын қадағалау.

• Жыл бойына арнаулы әлеуметтік санаттардағы тізімде отырған балалардың мектепішілік, аудандық басқа да қоғамдық іс-шараларға қатысы қатаң қадағаланып, қоғам назарынан олардың қалыс қалмаулары бақылауда болады. Тәртіптері нашар жасөспірімдері бар отбасыларының тұрмыс жағдайын қадағалап акт құрау;

• Үлгерімдері төмен және сабақтан қалу себептерін анықтау.

Балалардың сабаққа қатысуын жүйелі түрде анықтап отыру. Сабаққа қатыспайтын оқушыларды анықтап

жауапкершілікке тартуға іс-шаралар жүргізу;

• Тұрмыстарына нашар, тәртіптері нашар, көп балалы отбасылардың балалары үшін жазғы демалыс ұйымдастыру. Әр түрлі санаттағы оқушылардың қызығушылықтарын анықтап оларды үйірме, секцияларға тарту жұмыстарын жүргізу;

• Мектепішілік, аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі байқаулар мен сайыстарға арнайы санаттардағы балаларды тарту.

Әр түрлі санаттағы оқушылармен және олардың жетекшілермен бейімдеу, түсіндірме, кеңес беру, әңгімелер жүргізу;

• Мектепішілік бақылау алынған және алынуға тиісті балаларды анықтау жұмыстары бойынша сауалнамалар, кеңестер жүргізу;

• Толық емес отбасындағы оқушыларға әлеуметтік көмек беру;

• Өзге жерден келіп оқитын оқушылар тізімін алу, әлеуметтік жағдайымен танысу. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасындағы оқушылардың ата-аналарымен жұмыс жасау;

• Даму мүмкіндігі шектеулі балалар мен сынып жетекшілерінің жұмыстарына бақылау жасау. Үйден оқытылатын оқушылармен байланыста болу;

• Даму мүмкіндігі шектеулі және мүгедек балалардың орта білім алуын қамтамасыз ету;

• Денсаулығында ақауы бар және мүгедек балаларды анықтау, оларды облыстық психологиялық медициналық кеңес беру орталығынан тексеруден өтуіне жағдай жасау;

• Денсаулығына байланысты мектепке қатынасалмай отырған балаларды, бағдарламаға сәйкес үйден оқытуды ұйымдастыру;

• Ұзақ емделуге мұқтаж және даму мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдерді ПМПК қорытындысымен үйде оқуын ұйымдастыру.

Жайсыз отбасын анықтау жолдары және жұмыс формалары

Жайсыз отбасылары туралы мәліметтерді жинауға болады.


1. Сынып жетекшілерінен
2. Пән мұғалімдерінен
3. Дәрігерден
4. Инспектордан
5. Ауыл тұрғындарынан, таныстарынан

6. Көршілерінен
7. Достарынан
Баламен жеке жұмыс ұйымдастыру
1. Өңгімелесу әдісі
2. Сауалнама
3. Сұхбаттасу әдісі
4. Тест әдісі
Оқушылардың және отбасының әлеуметтік картасы
Оқушының ата-жөні
Туылған жылы, айы, күні
Сынып Сынып жетекшісі
Мектеп «» күні сыныпқа

- Отбасының әлеуметтік-демографиялық мәліметі
1-кесте
- Бала кіммен тұрады?
- Баланың денсаулығы
- Баланың сүйікті ісі
- Оқушының тұрмыс жағдайы
Қарым-қатынастың бұзылуы:
1. Мұғалімдермен келіспеушілік
2. Ата-анамен келіспеушілік
3. Қылмысты топтармен қатынас жасау
4. Кезкелген әңгімеге кірісу, гиперактивті мінез
5. Өңгіме барысында жағымсыз сөздерді қолдану

1-кесте

Отбасы мүшелері	Аты -жөні	Туған күні айы жылы	Білімі	Мекен жайы	Лауазымы	Жұмыс және үй телефоны
Атасы						
Апасы						
Ағасы						



АРТ-ТЕРАПИЯНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӨДІСІ «МАНДАЛА»

МАШУРБЕКОВА Бакыт Валопановна

педагог-психолог,

«Айгөлек» бөбекжайы» КМҚК,

Балқаш қаласы, Қарағанды облысы

Мектепке дейінгі білім берудің қазіргі жүйесі жаңаша технологиялар аясының кеңеюімен, инновациялық тәсілдерінің кең дамуымен сипатталады. Балабақша қабырғасында бала қарым-қатынастың алғашқы тәжірибесін алады, орта арасында өз орнын табуға тырысып, үйлесімді өмір сүруге үйренеді, алғашқы білімді алады. Сондықтан мектеп жасына дейінгі педагогтардың міндеті – баланы жағымды, оңтайлы психологиялық жағдайда қажетті деңгейде тәжірибе, дағды, білім алуын қамтамасыз ету.

Балалар әрдайым қиын жағдайларға тап болады және оларды әрқашан сәтті жеңе бермейді. Сондықтан оларға әлеуметтік ортаның қолайсыз әсерлеріне қарсы тұруға, жағымсыз эмоционалдық жағдайды жеңуге барынша жағдай жасау керек. Осындай жағдайларда балалардың назарын аударып, оларды бір қалыпты тыныштық күйге әкелетін қолайлы әдістерді іздестірдім. Арт-терапияның әдістерін зерттей отырып, мандала әдісіне тоқталуға жөн көрдім.

Психолог үшін мандала түзету, диагностикалық және дамыту жұмыстарында арт-терапевтік әдіс ретінде құнды. Мандалалар ересектерге де, балаларға да өте пайдалы. Өйткені, суреттің символдық тілі сөзге қарағанда дәл, адамның ішкі дүниесінің мазмұнын жеткізеді. Мандала толығымен босаңсуға және мидың оң жартышарының функцияларымен, бейсаналықпен байланыс орнатуға көмектеседі. Бұл жұмыс түрі мектеп жасына дейінгі балалар үшін өте пайдалы екені сөзсіз, өйткені нәрестелерде оң жартышар жетекші рөл атқарады. Мандалаларды салу бейнелі есте сақтауды дамытуға, әлемді тұтас қабылдауға, интуицияны, эмоционалды-сезімдік әлемді дамытуға, нәтижесінде шығармашылық тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді.

Мандала – айқын орталығы бар шеңбер. Оның суреті симметриялы: шеңбердің ішінде негізгі бағыттар көрсетілген, олардың саны әр түрлі болып келеді. Балаларға арналған мандалаларда жануарлар, құстар, бейнелер де бейнеленеді. Балаларға арналған мандалалардың үлгілері: 1-сурет

Мандалаларды безендіру кезіндегі жұмыстың негізгі мақсаттары:

- шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- мінез-құлықтың озбырлығын жою;
- қиялын дамыту;
- ішкі күйзелісті жою, релаксация;
- қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

Мандала әдісін жеке және топтық жұмыстарда кеңінен қолданамын. Балалар жұмыс барысында

қарапайым үлгілерден күрделіге дейін мандалаларды жасайды. Бұл әдісті түрлі түсті құм, тұз, тастар, ермексаз, дақылдар, карандаш, фломастер және тағы басқа өздеріне ұнайтын әртүрлі материалдардан орындайды. Бұл баланың шығармашылығын, қиялын, қолдың ұсақ моторикасының дамуына ықпал жасайды. Жұмысты аяқтағаннан кейін балаларға өздерінің «сиқырлы шеңберлеріне» ат қойып, орындалған жұмыс туралы айтуды ұсынамын. Бұл баланың қабілетін дамытады. Осылайша, мандалалармен жұмыс баланың жеке басына түзетуші әсер етіп қана қоймайды, сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытуға ықпал етеді.

Бұл әдіс түрі гипербелсенділігі бар балаларға жақсы әсер етеді, алаңдаушылық деңгейін төмендетеді, зейінді арттырады, шығармашылық қабілеттердің дамуына ықпал етеді.

Мандала жасау үшін психикалық тұрғыдан тепеңдік өте маңызды, сондықтан алдымен босаңсу керек, яғни тыныштық күйге түсу керек. Ол үшін түрлі релаксация әдістерін қолданамын (шарлар, бұлттар, сарқырама). Алдымен баланы релаксация техникасы арқылы тақырыппен таныстыру керек. Мұны әдемі бейнелі әңгіменің көмегімен жасаймын. Бір сиқырлы әңгіме құрастырып, ғажайып әлемге енеміз. Балалар көздерін жұмып, елестеген көріністерін, яғни елестеген түстерін шеңбер арқылы мандалаға түсіруге тырысады.

Жұмыстың келесі кезеңі – мандаланың көркемдік сипаттамасы. Бұл жерде баланың пікірі маңызды, сондықтан мен олардан не бейнелегенін сұраймын. Мандала туралы әңгіме, ертегі құрастырастыруға тырысамыз. Ауызша сипаттау кезінде олар өз ойларын дәл жеткізуге, көрнекі және сенсорлық бейнелерді сөздік, сипаттамаға аударуға үйренеді және бұл мидың оң және сол жарты шарлары арасындағы байланыстың дамуына ықпал етеді.

Бала сөйлеп тұрғанда, мен олардың әңгімелерін бөлек қағазға жазып аламын, содан кейін оны мандалаға бекітемін. Сызбаны аяқтағаннан кейін Люшердің түстерді талдауын қолданамын, таңбалар мен белгілердің мағынасын зерттеймін, баладан оның мандаласының атын, оған қараған кезіндегі сезімін сұрап біліп, диагностикасын жасаймын. Кейін тұжырым шығарып, керек жағдайда коррекциялық жұмыстардың маршрутын құрастырамын.

Мандаланы пайдалану кезінде баламен жұмыс істеу ережелері бар.

1. Мандалалар – бояу парақтары болса, онда бір-нешеу ұсынылады – бала өзіне жақынырағын, яғни көңіл күйіне, пішініне, ою-өрнекке қарай таңдайды.

2. Мандаланы және мандаланың сюжетін бала өз бетінше жүзеге асыру керек.

3. Жұмысқа арналған материалдар мен түстер (қарындаштар, фломастер, бояулар, пастельдер, құм, дәнді дақылдар және т.б.) бала өз бетінше таңдауы тиіс.

4. Баланың келісімінсіз оның жұмысына үлкендердің араласпау принципі.

5. Шығарма туралы пікірлерден аулақ болу принципі.

6. Бала боялған да, жасаған да мандаласына ат қояды.

7. Жұмыстан кейін бала өзінің сезімін, мандаламен жұмыс істеу тәжірибесін және оның нәтижеге деген көзқарасын айтады.

Бір мандаламен жұмыс уақыты 30 минутқа дейін. Егер бала мандаланы аяқтауға үлгермесе, оны келесі жолы аяқтайды.


Мандаланың суреті қуаныш әкелуі керек. Негізгі ереже: бала мәжбүрлеусіз жұмыс істеуі керек. Ең бастысы – бояудың бағыты мен тәртібін сақтау. Қолдың монотонды әрекеттері тыныштандырады және шоғырлануды қажет етеді, осылайша ішкі стресті жеңілдетеді.

Мандала терапиясы тыныштандырудың тамаша құралы, сондықтан мандаламен айналысуға арналған материалдарды жеке бұрышта орналастыруды жөн көрдім.

Осылайша, мандала жасау және бояу процесі – бұл баланың өзіне деген сенімділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ғана емес, сонымен бірге әлеммен және өзімен тыныштық пен үйлесімділікті табуға көмектесетін қызықты ойын. Диагностикалық, коррекциялық және дамытушылық мақсатта қолданылатын тамаша әдіс түрі деп білемін.

Әдебиеттер тізімі:

1. Копытин А.И. Диагностика в арт-терапии. Метод «Мандала». 2002 ж.
2. Киселева М.В. Балалармен жұмыс жасаудағы арт-терапия. Балалар психологына арналған нұсқаулық. 2006 ж.
3. Лебедева Л.Д. Арт-терапия тәжірибиесі: тәсілдер, диагностика, оқыту жүйесі. – Петербург. 2008 ж.



ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ – ТҮРЛІ ҚАБІЛЕТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ТҰТАСТЫҒЫ

БИСЕНОВА Нурлы Беркиновна

Шыңғырлау ауданының білім беру бөлімінің әдіскері,
Батыс Қазақстан облысы

Бүгінгі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе – балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру болып отыр. Мемлекетіміз ерекше қажеттілігі бар жандарды әлеуметтік қорғау, олардың қоғамға етене араласуына, оларды оңалту, жұмысқа орналастыру және жаңа жұмыс орындарын құру, білім алу, оқыту, қайта мамандандыруда ерекше жағдай жасауда.

Инклюзивті білім беру идеяларын алға жылжыту қоғам өміріне ізгіліктілік идеяларын енгізіп, балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқытудың жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Инклюзивті оқыту – оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Инклюзивті білім балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастыру жолындағы қабілеттердің өзіндік тұтастығының бастауы. Осындай бағыттағы енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, ортаны танып-білуге, өзгерістерді тең қабылдауға үйренеді.

Ауданымыздағы білім беру ұйымдарында ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға инклюзивті білім берілуде, сонымен қатар балалармен жұмысты ұйымдастыру барысында ақпараттық технологияларды қолдануда. Бұның білім алушының жан-жақты дамуына әсері зор. Білім беру ұйымдарында заманауи үлгіде жарақтандырылған компьютерлер, мобильді сыныптар, сандық-мультимедиялық подиумдар, тағы басқа ресурстар қолданысқа енуде. Оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасауына бағытталған үйірмелерге және байқауларға балаларды тартуға да жол ашылып отыр. Сонымен қатар ұжымдық және топтық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы ынтымақтастық ортаны қалыптастыру басты назарда.

Ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыста компьютерлік технологияны қолдана отыра, олардың ұсақ қол моторикасын дамыту, өзіндік ізденіс, оқу материалын оңай меңгеруге ықпалы, оқуға деген белсенділігі мен қызығушылығы арттыруға болады.

Біз қоғамда өз пікірін айта алатын, өз бетімен әрекет етуге, өмірге деген көзқарасы қалыптасқан, үнемі ізденісте болатын, қоғамда өзіндік орны бар тұлғаны дайындаймыз.

Инклюзивті білім беруде инновациялық жолдармен, қажетті жаңа ақпараттық технологияларды қолданса – келешекте ерекше қажеттілігі бар балаларға білім алуға еш кедергілер болмайды. Оған негіз қазіргі уақыттағы арнайы білімнің жалпы білім жүйесінің құрамы болып отыруы. Мемлекет тұлғаларға барлық шарттарды дайындайды, бірдей мүмкіндіктерді ұсынып, білім алуға арнайы білім қажеттіліктерін қамтамасыз етіп отыр.

Даму жоспары әлеуметтік және медико-педагогикалық көмекке ерекше қажеттілігі бар балалардың дамуына жаңа идеялар және ұстанымдар кіріктірілген инклюзивтік білімді іске асырады. Осындай әдіс-тәсілдермен балаларды жекелендіруге және толық дамымаған балаға теріс қозғалыстар жасауға болмайды, өмірінде әлеуметтік траектория жасау, ерекше қажеттілігі бар балаларды ортақ дамыған балалармен қосу қажеттілігі, бірлескен оқуға, демалуды ұйымдастыруға, ортақ шығармашылықпен шұғылдануға орта құру және өзге де барлық жақтан көмек берілу қажет. Оның бастауы арнайы білім жүйесінің дамуына стратегиялық тапсырманың бірі – инклюзивтік білімді қазіргі заманда мойындау қажеттігі және басқа әдістермен ерекше қажеттілігі бар балалардың дамуына көмектесу мен арнайы коррекциялық білім алуын және тәрбиеленуін практикада жүзеге асыру.

Инклюзивті білім берудегі ең маңызды қағидалардың бірі – ол оқытуды адамның ерекшеліктеріне қарамастан орындалуы керек жалпыға бірдей құқық деп санайды. Осылайша, осы тұрғыдан басқарылатын жүйелер барлық адамдарға білім беруге кепілдік беруге тырысады. Бұл, әдетте, жеке меншікке емес, мемлекеттік білімге артықшылық беру сияқты бірқатар салдарды тудырады. Сонымен қатар, ол білім беру жүйесін оқушылар мүмкіндігінше жақсы білім алатындай етіп бейімдеуге тырысады және олардың ерекшеліктеріне қарамастан балалар қабылданады.

Екінші жағынан, инклюзивті білім беру – бұл шынайы әділ жүйе, бұл әр оқушының айырмашылықтарын ескеретін және олардың барлығына оқудың минималды деңгейіне жету үшін қажетті көмек көрсетуге тырысатын жүйе деп саналады. Осылайша, бұл – теңдікке қол жеткізуге бағытталған икемді білім беру моделі. Іс жүзінде, бұл, әдетте, ең көп қиындықтарға тап болған оқушыларға, мысалы, мүгедектіктің қандайда бір түріне немесе сыныптың қалыпты қарқынына байланысты күрделі проблемаларға тап болған оқушыларға көмек көлемінің ұлғаюына айналады. Бұнымен қоса психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қатар жүреді.

Білім беру мекемелерінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу ерекшеліктері философиялық құндылық негіздерімен түсіндіріледі. Бұл түсінікті инклюзивті білім беру үрдісінің психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу Концепциясында табуға болады. Ұсынылған міндеттерді және жағдайларды, мамандандырылған психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмыстары іске асырылмаған жағдайда ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру ортасына кіріктіру мүмкін емес. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді баланың барлық өмірлік

іс-әрекет аймақтарының кешенді үрдісі ретінде қарастыру қажет. Инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жеке және топты түрде ұйымдастырылады.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу білім берудің барлық кезеңдерінде іске асырылады. Осыған орай, сүйемелдеу үрдісінің үздіксіздігі қамтамасыз етіледі. Сүйемелдеудің маңыздылығы мен өнімділігі оның жүйелілігімен анықталады. Оның ішінде отбасы, білім беру ортасын құру, оқыту мен тәрбиелеу, өзін-өзі тану және тұлғалық іске асырылуы қарастырылады. Отбасын сүйемелдеу дегеніміз, тек мүмкіндігі шектелген психофизикалық ерекшеліктері бар отбасын қолдау емес. Ол ерекше балаларға әлеуметтік қызығушылық қалыптастыру болып табылады.

Инклюзивті біліммен қатар ерекше балаларымызды үй жағдайында оқыту да кең көлемде қарастырылып отыр. Үй жағдайында іс жүзіне асырылатын оқыту түрлері оқыту мен тәрбиелеудің көп қызметтік жүйесін білдіреді және ол мүмкіндіктері шектеулі балалар мен жасөспірімдерге түзете-дамыту және әлеуметтік-педагогикалық, медициналық және психологиялық көмек көрсетуге бағытталған.

Қазіргі кезеңдегі үйде жеке-дара оқытудың жағдайын жан-жақты талдау оның тиімділігін арттыру мүмкін болатын тиімді жағдайларды таңдауға мүмкіндік береді:

- бұл баланы үйде оқыту жағдайында әр түрлі саладағы мамандардың (дефектолог мұғалім, арнайы психолог, логопед мұғалім, психиатр дәрігер, әлеуметтік педагог) балаға қолдау және көмек көрсетуі және білім беру қажеттілігімен қамтамасыз етуі;

- үйде оқытудың әр түрлі тәсілдерін (үйде жеке оқыту, мектепте жеке оқыту, мектепте еңбек сабағына қатыса отырып, үйде жеке оқуы, жеке сабақтарға қатыса отырып, үйде жеке оқуы) ұйымдастыру;

- баланың сыныпта және жалпы мектептік, сонымен бірге қосымша білім беру мекемелерінде ұйымдастырылған тәрбиелік шараларға тарту;

- баланың денсаулығын, оқудағы мүмкіндігін, оқи алатынын және әлеуметтік-психологиялық бейімделуін есепке ала отырып, білім беру және түзете дамытудың жеке бейімделген бағдарламасын құру;

- оқушылардың танымдық қызметін, олардың жеке тұлғалық дамуын белсендіретін оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін, түзете дамыту педагогикалық технологиясын әзірлеу және жаңарту;

- оқушылардың ата-аналарымен немесе олардың орнындағы тұлғалармен кеңестік-ағартушы жұмыс, олармен баланың тәрбиесі бойынша тығыз байланыста жұмыс жүргізу.

Жеке-дара үйде оқыту жоғарыда аталған жағдайлармен қамтамасыз етілген жағдайда, ол мұғалімге денсаулықты сақтау, бейімдеу, оңалту, өтемдік, түзете дамытуда білім беру ортасын тиімді құруға мүмкіндік береді, ал бұл педагогикалық үрдістің адамгершілік қағидасында құрылып, мүмкіндіктері шектеулі баланың құқығына толықтай жауап бере алады.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МҰҒАЛІМНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

СӘТ Зубайра Қабылқызы

КММ «№13 мектеп-гимназияның» логопед маманы,
«Дефектология» мамандығының магистрі,
Алматы қаласы

«Бала кемістігінің даму деңгейі неғұрлым төмен болса, соғұрлым мұғалімнің білім деңгейі жоғары болу керек»

Неміс педагогі, дефектолог П. Шуман

Көптеген дамыған елдерде жалпы адами құндылықтар мен әлеуметтік талаптарға сай білім беру жүйесінде барлық балалар тең және тосқауылсыз білім алулары қажет деген шешімге келген. Қазақстан Республикасының Заңнамаларында балаларды қорғау аясындағы халықаралық құжаттарға сәйкес мынандай ұғым енгізілген: ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалар (тұлғалар) және барлық оқушылардың жекелік мүмкіндіктері ескеріле отырып сапалы білім алуға тең құқығы. Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес елімізде 2011 жылдан бастап инклюзивті білім беру кезеңімен енгізілуде.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары 1.1 тарауы «Қол жетімділік пен инклюзивті білім беру» төмендегі мақсаттарға жетуді болжайды:

- инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтамасыз етуді, жұмыс біліктілігі бойынша сұранысқа ие арнайы кабинеттерін, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің оқу бағдарламаларын құруды, сондай-ақ педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыруды;

- ерекше білім беруге қажеттіліктері бар тұлғалар үшін білім берудің барлық деңгейлеріне қол жетімділікті қамтамасыз ету, жан басына шаққандағы қаржыландыру шеңберінде қаржыландырудың жоғары нормативі қарастырылған, оларды оқыту үшін мемлекеттік тапсырыс ұлғайтылған.

Қойылған мақсаттар жалпы білім беруде ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғаларды психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету әдістемесімен қамтамасыз етудің қажеттілігін көрсетеді, оның негізгі және маңызды аспектілері осы әдістемелік нұсқаулықта ұсынылған.

«Инклюзивті білім беру» ұғымы, білім беру адамның негізгі құқықтарының бірі болатын және де ол әділ қоғамның негізін құрайтын тұжырымнан қалыптасқан. Барлық оқушылар жеке қасиеттеріне немесе проблемаларына қарамастан білім алуға құқылы.

«Инклюзивті білім беру – барлық дискриминация формасына тосқауыл қоятын, оқушының білім алуындағы әр түрлі қажеттіліктері мен алуан түрлілігін есепке ала отырып, сапалы білім беруді қамтамасыз етуге бағытталған, жалпы білім беруді дамытудың үздіксіз процесі».

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беру үдерісі мектептегі білім беру жүйесінде ерекше маңызға ие болуы керек. Инклюзия – біздің қоғамымыздың терең әлеуметтік және құндылық өзгерістерін қозғайтын қазіргі заманғы

білім беруді дамытудың орталық идеясы. Инклюзияның негізінде ерекше балаларды қоғамға кіріктіре отырып, әлеуметке қосу идеясы жатыр. Бұл кез келген адамды (басқа нәсілге, дінге, мәдениетке, мүмкіндігі шектеулі адамға) қоғамдық қатынастарға, жалпы білім беру жүйесіне қосуға болатындығын білдіреді, онда мүмкіндігі шектеулі адамдар сапалы білім алу үшін кемсітусіз қажетті жағдайлар жасалады. Инклюзия қарапайым жалпы білім беретін мектептерде ерекше балаларды құрдастарымен бірге оқыту ретінде ғана қаралады.

Инклюзивті білім берудегі ең маңызды буын – инклюзивті процесті құруға және қолдауға қабілетті мұғалім. Мұғалім өзінің іс-әрекетінің стратегиялық мақсатын дәл ұсынады, осы мақсатты нақты жағдайларда көре алады, осылайша міндеттерді тұжырымдайды. Жаңа стандартқа сәйкес инклюзия қағидаттарына сәйкес педагог:

- балалармен қарым-қатынас жасай отырып, олардың қадір-қасиетін тани, түсіне және қабылдай білуі;

- баланың эмоциялық-құндылық саласын дамытатын жағдайлар мен оқиғаларды жобалай және жасай білуі (баланың бастан кешкен тәжірибесі мен құндылық бағдары мәдениеті);

- балалардың мәдени айырмашылықтарын, жыныстық, жастық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие қызметін құра білуі, балалар ұжымында іскерлік достық атмосфераны қолдай білуі тиіс.

Мұғалім – бұл шығармашылық мамандық, оның өлшемі практика, көп тәжірибе. Инклюзивті мектепте мұғалімнің ерекше баланы оқытуға рефлексивті және шығармашылық қатынасы болмаса, оның сапалы қол жетімді білімін қамтамасыз ету мүмкін емес. Инклюзивті білім беру жағдайындағы педагог кәсібінің ерекшеліктері мынадай талаптарды қамтиды: бірінші талап – балаларға деген сүйіспеншілік, екінші талап – кәсібилік. Бұл білімнің қажетті мөлшері, оқыту әдістері мен білім беру тәсілдерін үйрену. Егер мұғалім осындай қажетті қасиеттер жиынтығына ие болса, онда ол баланың болашағын іргетасын қалай алады.

Мұғалім мамандығы күрделі және қызықты.

В.А. Сухомлинскийдің пайымдауынша, мұғалімнің жетістігінің негізі – оның рухани байлығы мен жомарттығы, сезімдерін тәрбиелеу және жалпы эмоционалды мәдениеттің жоғары деңгейі, педагогикалық құбылыстың мәнін терең түсіну қабілеті [1].

Жалпы білім беруде инклюзивтік тәсілді дамыту үшін жалпы педагогикалық технологияларды, дамытушы сабақтың модельдерін, балаларды қолдау және ынтымақтастық технологияларын өзірлеу, ата-аналарды педагогикалық процеске тарту қажет. Шын мәнінде, бұл кәсіби икемділік, оқушыны ұстану қабілеті, ал екінші жағынан – оқу процесінің шеңберін сақтау, баланың әлеуетін көру, оның жетістіктеріне тиісті талаптар қоя білу [2].

Педагогикалық шеберліктің негізі – балаларға деген сүйіспеншілік. Бұл іргелі сапа өзін-өзі жетілдірудің, мұғалімнің кәсіби-педагогикалық бағытын сипаттайтын көптеген кәсіби маңызды қасиеттердің мақсатты өзін-өзі дамытуының алғышарты болып табылады.

Осындай қасиеттердің бірі – педагогикалық парыз және жауапкершілік.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда мұғалімдер маңызды қызмет атқарады. Қазіргі уақытта инклюзивті білім берудің сәттілік деңгейі мұғалімнің жан-жақтылығына байланысты екені анық. Тиісінше, балалардың инклюзивті топтарымен жұмыс істеуге мұғалімдерді тиімді даярлау мәселелері ерекше өзектілікке ие болды.

Мұғалім кез келген баланың білім беру қажеттіліктеріне тікелей бейімделген моральдік және материалдық ортаны құруда негізгі қызмет атқарады. Бұл тек ата-аналармен, басқа педагогтармен, білім беру ұйымының басшылығымен және т.б. тығыз ынтымақтастықта, яғни білім беру процесінің барлық қатысушыларының бірлескен командалық өзара іс-қимылында ғана мүмкін болады.

БАЛА ТӘРБИЕСİNДЕГІ ОТБАСЫНЫҢ РӨЛІ

АХМЕШОВА Молдир Нұржанқызы

«Алматы облысының білім басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің

«Талдықорған қаласының №2 облыстық
психологиялық-медициналық-педагогтік
консультациясы» Коммуналдық
мекемесінің әлеуметтік педагогі

«Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады», - деп Абай атамыз айтқандай, отбасы – баланың өсетін, алғашқы тәрбие алатын ортасы. Бала тәрбиесінде отбасының алатын орны ерекше. Тәрбие отбасынан басталады. Баланың тұлға ретінде қалыптасуы, оның болашақ қоғамдағы мінез-құлқының іргетасы қаланған жақын, туған адамдар ортасында жүзеге асады. Бала кезінен қалыптасқан мінез-құлық қасиеттері мен негіздері адамның өмір бойына сақталады. Отбасында баланың мінез-құлқы, әдет-дағдысы қалыптасады.

Отбасы белгілі бір функцияларды атқарады: баланың физикалық дамуы үшін барлық жағдайларды қамтамасыз етеді; оның тұлғасын қалыптастыруға қатысады; қоғам бекіткен адамгершілік мінез-құлық негіздерін қалайды; өнерге деген сүйіспеншілікті оятады, сол арқылы шығармашылық қызығушылықтарын қалыптастырады; баланы оқытады. Баланың бойына жастайынан дене шынықтыру мен спортқа деген сүйіспеншілікті ояту керек. Бірлескен іс-әрекеттерге ойын-сауық элементін әкеле отырып, осыны жасау ұсынылады, өйткені бұл ойын мектеп жасына дейінгі баланың жетекші әрекеті болып табылады. Бірлескен дене шынықтыру мен спорт денсаулықты жақсартып қана қоймай, отбасының ынтымағын арттырады.

Отбасылық ортада бала уақытының көп бөлігін өткізеді. Сондықтан оның тұлғасы отбасының қалыптастыруда, туыстарымен қарым-қатынас процесінде қалыптасады. Ата-аналар мен басқа туыстар баланың тәрбиесіне әсер етеді: олар оны тәрбиелейді, белгілі бір ойлау тәсілін қалыптастырады, әдеттерді қалыптастырады. Бала ата-анасын, үлкен аға-әпкелерін, басқа туыстарын бақылап, өздерін солай ұстауға тырысады. Сонымен қатар, отбасы адамгершілік мінез-құлықтың негізін

Осылайша, мұғалім инклюзивті білім беру жүйесіндегі маңызды буын деп айтуға болады. Нағыз кәсіби маман педагогикалық білімдердің, іскерліктер мен дағдылардың кешеніне ие болуы, сондай-ақ өзінің жеке дамуы, өз оқушыларын дамыту және оқыту, сондай-ақ жалпы білім беру жүйесін дамыту үшін шексіз моральдік, психологиялық және жеке мүмкіндіктерге ие болуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сухомлинский В.А. Таңдамалы педагогикалық шығармалар: В 3 т. – М., 1981. –Т. 3. Б. 123-124.

2. Арнайы педагогика: оқу құралы

/Под ред. Н.М. Назарова. – М.: Академия, 2008.

3. Открытое досье по инклюзивному образованию.

ЮНЕСКО, 2003 г.

қалайды. Бала кезімізден әрқайсымыз «ненің жақсы, ненің жаман екенін» біліп өстік. Осының барлығы ата-ананың және басқа да жақын туыстарының арқасында.

Бірақ отбасылық тәрбие әрқашан оң нәтиже бермейді және баланың жеке басының дамуына жақсы әсер етпей жатады. Кейде ата-анамен қарым-қатынас жарақатқа айналып және жылдар өте келе ересек адамның есінде қайғылы оқиға ретінде қалып қояды. Мұның көп бөлігі отбасы тәрбиесінің стиліне байланысты. Сонымен қатар, білім берудегі шамадан тыс қатаңдық та мүлдем орынсыз, өйткені ол әлсіз және тілалғыш адамды тәрбиелейді. Тұрақты тыйымдар балада мүлдем қарсы реакция тудыруы мүмкін. Өздеріңіз білетіндей, тыйым салынған жеміс тәтті, сондықтан бала тыйымдарды жасырын бұзады. Бұл оның денсаулығына зиян тигізіп қана қоймайды, сонымен қатар оның психикасына теріс әсер етуі мүмкін, өйткені үнемі құпия және өтірік оны ашуланшақ етеді.

Жақсы ата-ана жақсы балаларды тәрбиелейді. Болашақ ата-аналар арнайы әдебиеттерді оқу немесе білім берудің арнайы әдістерін меңгеру арқылы осындай боламын деп ойлайды, бірақ білімнің өзі жеткіліксіз. Ата-ана баланың бірінші әлеуметтік ортасын құрайды. Әрбір адамның өмірінде ата-ананың жеке тұлғасы маңызды қызмет атқарады. Сондықтан ата-ананың ең бірінші және басты міндеті – балада оның сүйіспеншілігі мен қамқорлығына деген сенімін қалыптастыру. Ешқашан, ешбір жағдайда бала ата-ана махаббатына күмәнданбауы керек. Баламен үнемі терең қарым-қатынаста болу – тәрбиенің жалпыға бірдей талабы.

Байланысты сақтаудың негізі – баланың өмірінде болып жатқан барлық нәрсеге шынайы қызығушылық. Байланыс ешқашан өздігінен пайда болмайды, оны нәресте шақтан бастап қолға алу керек. Балалар мен ата-аналардың өзара түсіністігі, эмоционалдық байланысы туралы айтқанда, біз белгілі бір диалогты, бала мен ересек адамның бір-бірімен қарым-қатынасын түсінеміз. Бала отбасының ортақ өміріне араласып, оның барлық мақсаттары мен жоспарларымен бөліскенде, тәрбиенің әдеттегі бірауыздылығы жойылып, шынайы диалогке жол беріледі. Диалогтік тәрбиелік қарым-қатынастың ең маңызды сипаты – бала мен ересектің позицияларының теңдігін орнату.

Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас – ең күшті адамдық байланыстардың бірі. Егер өсіп келе жатқан балаларда бұл байланысты алыстатуға деген

ұмтылыс барған сайын пайда болса, ата-аналар оны мүмкіндігінше ұзақ сақтауға тырысады. Бұл мәселені шешу, басқаша айтқанда, балаға белгілі бір дербестік өлшемін беру, ең алдымен, баланың жасымен реттеледі. Сонымен қатар, көп нәрсе ата-ананың жеке басына, олардың балаға деген көзқарасының стиліне байланысты. Балаларға берілетін еркіндік пен тәуелсіздік дәрежесі бойынша отбасылар бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленетіні белгілі.

Ата-аналарға бала тәрбиесіндегі маңызды шарттар:

- Бала өзін жақсы көретінін сезінуі керек. Айғайлауды, дөрекі интонацияларды қарым-қатынастан алып тастау керек, отбасында қуаныш, сүйіспеншілік пен құрмет атмосферасын құру керек.

- Қарым-қатынас – адам өмірінің мәні. Егер біз балаларымызды мейірімді көргіміз келсе, балаға бізбен қарым-қатынас қуанышын сыйлауымыз керек – бұл бірлескен білімнің, бірлескен жұмыстың, бірлескен ойынның, бірлескен демалудың қуанышы.

- Бала сіздің көмегіңіз бен қолдауыңызды сезінуі маңызды.

- Балаңызбен қарым-қатынасыңызда «позитивті үлгіні» сақтаңыз.

- Балаңызды ол лайықты болған кезде мақтаңыз.

- Баланың айтқанын тыңдауға тырысыңыз.

- Егер сіз балаға бір нәрсеге тыйым салсаңыз, оны не үшін істеп жатқаныңызды түсіндіруге тырысыңыз.

- Балаңызды бір нәрсеге қызығушылық танытуға шақырыңыз. Ол үшін кез келген салада өзін шебер және білікті екенің сезінуі маңызды.

Сонымен, отбасы бала үшін оның тұлғасының даму жолын анықтайтын өмірлік маңызды орта болып табылады. Ата-ана махаббаты балаға өмірлік қолдауды, психологиялық жайлылықты және эмоционалдық қорғанысты қамтамасыз етеді. Бала әрқашан ата-ананың сүйіспеншілігін, көмегі мен қолдауын сезінуі керек.

Бала тәрбиесінде отбасылық тәрбие стилінің маңызды қызмет атқаратынын белгілі болды. Бұдан шығатыны: отбасы балаларды жақсы тәрбиелесе, балалар да соғұрлым жақсы мінез-құлық танытады, соғұрлым олар ата-аналарға қуаныш сыйлайды және олардың арасындағы салауатты қарым-қатынасты сақтауға үлес қосады, бұл өз кезегінде олардың тәрбиелік мүмкіндіктерін нығайтады. Ата-аналар баласын қалай көргісі келетінін және өздерін баласына лайықты үлгі санайтынын түсінуі керек.

Қорытындылай келе айтатынымыз, баланы сол қалпында қабылдаңыз, сонда ол кез келген жағдайда сіздің оған деген сүйіспеншілігіңіздің өзгермейтіндігіне сенімді болады. Оның не туралы ойлайтынын, нені қалайтынын, неге олай әрекет ететінін түсінуге тырысыңыз. Балаға тек өзіне сеніп, еңбек етсе, оның қолынан бәрі келетінін сендіріңіз. Осы айтылғандарды барынша орындап жүрсең, бала тәрбиесіне зор үлесімізді қосар едік. Балалар біздің болашағымыз екенін ұмытпайық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сухомлинский В.А. Коллективтік құдіретті күші. – Алматы: Мектеп, 1979.
2. Аркин Е.А. Родителям о воспитании. – М., 1957.
3. Земска М. Семья и личность. – М., Изд. Прогресс, 1986.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ:

Қолдаймын

Қарсымын

ЖУМАБАЕВА Гүлмира Қуандықовна

«№2 ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған балабақша-мектеп-интернат» Қостанай арнайы кешені коммуналдық мемлекеттік мекемесінің үйден оқыту мұғалімі

Балалардың құқықтары туралы Конвенцияда мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекше күтімге, білім алуы мен дайындығына, әлеуметтік ортада қоғамда толық құқылы өмір сүруін қамтамасыздандыру мазмұны туралы 23-бапта белгіленген. Қоғамда болып жатқан әлеуметтік мәселелер: отбасылық, экологиялық, экономикалық дағдарыстар, жүйке жүйелері бұзылған әртүрлі психологиялық аурулары бар жас ерекшелігі әртүрлі балалардың көбеюіне әкеліп соқтырып отыр.

Қазақстанда инклюзивті білім беру қарқынды жүргізілуде. Әр бала мектеп мақтанышы, инклюзивті білім беру үшін мектептерде кабинеттер болу керек және де арнайы мамандар мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасайды. Олар – педагог-дефектолог, логопед, психолог және т.б. Менің өз ойым: инклюзивті білім беруді қолдаймын, себебі әр бала білім алуға, тәрбиеленуге құқылы. Әр баланың бойында сәуле бар. Сол сәулені шығаруға, шашуға көмектесу керек.

Инклюзивті білім беру – өмір қажеттілігі деп ойлаймын. Барлық бала үшін бір мектеп немесе инклюзивті білім беру жайлы мәселелер әлі де шешілуде. Инклюзивті оқытуды мен ойлаймын, барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және қоғамдық өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл оқыту оқушылардың тең құқығын анықтайды. Әр бала үшін алғашқы мектепке бару ең жауапты қиын кезең. Соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін бұл кезең оларға эмоциялық жағынан болсын, психологиялық жағынан да ауыр болады. Әрбір бала мүмкіндігінше қажетті деңгейде білім алуға тиісті. Былай айтқанда, инклюзивті деген сөз – француз тілінен аударғанда кіріктірілген, енгізілген деген мағына берсе, соған байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға жағдай туғызып отыруымыз қажет.

Бұл білім берудің негізгі мақсаты – мүмкіндігі шектеулі балалардың өз қатарларымен теңдей болып қарым-қатынас жасап, өзін қор санамай, ұялмай қарым-қатынас жасататын үлкен жұмыс. Инклюзивті білім беруде педагогтар ата-аналармен оқыту-түзету жұмыстарында белсенді қарым-қатынаста болуы керек. Инклюзивті білім арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып, жетістікке жеткізуге көмектесіп, жақсы өмір сүру мүмкіндігін қалыптастырады. Сонымен қатар осы білім беру бағытын білім жүйесіне енгізу арқылы балаларды алға жетелеуіміз керек.

Қорыта айтқанда, инклюзивті білім беру арқылы тәуелсіз еліміздің ұрпақтарын адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз және де осы оқыту процесі арқылы балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің басты жолы деп ойлаймын.

ЕРЕКСЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫСТА ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

МАКАСОВА Гулбагида Елеубаевна

Облыстық есту қабілеті бұзылған
балаларға арналған арнайы мектеп-интернаты,
бастауыш сынып мұғалімі, Орал қаласы

Бүгінгі таңда білім беру процесін ізгілендіру, әр баланың әлеуетті мүмкіндіктерін барынша ашуға жағдай жасау ерекше маңызға ие.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу үшін қолайлы жағдай жасаудағы бағыттардың бірі педагогикалық процесте заманауи білім беру технологияларын қолдану болып табылады. Оларды пайдалану жеке тұлғаны дамытудың жайлы және қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз етуге, оның табиғи әлеуетін іске асыруға, оқу процесінде дамып келе жатқан педагогикалық өзара әрекеттестіктің қалыптасуына ықпал етеді.

Қазіргі таңда оқытудың әр түрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде. Заман талабына сай сабақ беру әдіс-тәсілдері де жаңарып, жаңаша технологиялар мен модульдар анықталуда.

Информациялық технологияларды қолдану аясы кең. Білім беру саласында ерекше білімді қажет ететін оқушыларда оларды қолданудың 3 негізгі аясын көрсетуге болады.

Орнын толықтырушы, яғни ақпараттық және байланыстырушы технологияларды қолдану ағза қызметінің бұзылыс орнын толықтырып, оқушылардың білімді меңгеру процесін жүйелейді, яғни ерекше білімді қажет ететін оқушыларға оқытудың жаңа технологияларының пайда болуына түрткі болып табылады.

Қазіргі заман талабына сай білім беру саласындағы жаңашыл ұстазға қойылатын талап та жаңаша болатыны сөзсіз.

Ұстаздардың алдындағы басты міндет – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп және жаңа педагогикалық технологияларды меңгере отырып, еліміздің жарқын болашығын жасайтын білімді де білікті, тәрбиелі де бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру заман талабы. Түзету сабақтарында мультимедия технологиясын қолдану нәтижесінде оқушы ақпаратты оңай әрі тез қабылдайды. Сабаққа деген ынтасы мен қызығушылығы жоғарылайды. Ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту мақсатында инновациялық құралдарды қолдану мынадай әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асады: мультимедиялық презентациялар, оқыту бағдарламалары, мәтіндік редакторлармен жұмыс, графикалық сызбаларға түсіру.

Өзгеріске, жаңалыққа толы бүгінгі заман талабы мұғалімге алдында отырған бірі шапшаң, бірі баяу, енді біреулері төмен қабылдайтын, зейіні, қабылдауы, есте сақтауы, ойлауы әр қилы шәкірттердің жүрегіне жол таба білетін білім біліктілігі жоғары, жаңашыл, ізденімпаз ерен қасиет иесі болуды міндеттейді. Әлемдік оқу үрдісінің өзегі – жаңа технологиялар екені мәлім. Өрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Интерактивті модульдік технология қағидаларын іске асыру барысында оқушылардың танымдық белсенділіктерін, білім сапасын жоғарылатуға көмектеседі. Биік жетістіктерге жету үшін мұғалім баланың мінез-құлқын, сана-сезімінің жетілу дәрежесін таным үрдістерінің дұрыс бағытта қалыптасып, дамуын қадағалап әрі дамытып отыру керек. Осы орайда ерекше білімді қажет ететін балалармен сабақ барысында қаншалықты тиімді әдіс-тәсілдерді пайдаланамыз.

Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың танымдық қабілеттерін жетілдіру мақсатында, сонымен қатар зейінін қалыптастыру, ойлау, есте сақтау қабілеттерін және тілдерін дамыту, яғни танымдық қызметін дамытуда, басқа да түрлі заманауи технологияларды қолдануға болады.

Бүгінгі таңда балаларды белсенді оқуға баулудың әр түрлі әдістері бар, біріншіден, бұл мотивация әдісі, ол әр баланың оқылған топтың жұмысының нәтижесінде қызығушылығына негізделген. Егер оқушы нәтижесін көрсе, сабақта белсенді жұмыс жасайды. Оқыту мотивациясын арттырудың бір тиімді әдісі АКТ-ны оқу үдерісінде қолдану. АКТ тек оқушының ғана емес, сонымен қатар мұғалімнің де шығармашылық тұлғасын дамытуға ықпал етеді. АКТ адамның негізгі қажеттіліктерін іске асыруға көмектеседі – қарым-қатынас, білім беру, өзін-өзі жүзеге асыру. АКТ-ны білім беру үдерісіне енгізу ерекше білімді қажет ететін балалардың сабаққа деген құлшыныстарын үдетумен бірге сабақтың тиімділігін арттыруға, материалды ұсынудың тартымдылығын арттыруға арналған бірден бір әдіс.

Сонымен қатар, ерекше білімді қажет ететін балалар үшін, біріншіден, оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден, балаларды оқытудағы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану сабаққа деген қызығушылығын, белсенділігін арттырып, білім сапасын көтеру болып табылады. АКТ-ны қолдану материалды көрнекілікке, оны «жандандыруға», көрнекі саяхаттар жасауға, басқа жолдармен көрсетілмейтін құбылыстарды елестетуге байланысты дидактикалық мүмкіндіктерді ашады, бақылау мен жаттығу процедураларын біріктіруге мүмкіндік береді.

Жаңа модульдердің сабақтарда тигізетін пайдалары өте көп. Сабақтарымыз үнемі мазмұнды, нәтижелі, мағыналы, жан-жақты, оқушыларға қызықты болу керек. Білім беру процесін ұйымдастыруда ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. Мұндай

балалар үшін олардың даму ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, жаңа бағдарламалар, дидактикалық құралдар жасалуда.

Заманауи білім беру технологияларының қатарына:

- мәселелі оқытуды;
- әр түрлі деңгейлік оқытуды;
- оқытудың ұжымдық жүйесін;
- өнертапқыштық тапсырмаларды меңгеру технологиясын;
- оқытудың зерттеушілік әдістерін;
- оқытудың жобалық әдістерін;
- оқытуда ойын әдістерін: рөлдік, іскерлік және өзге де оқыту ойындарын қолдану технологиясын;
- ынтымақтастықта оқытуды (командалық, топтық жұмыс);
- ақпараттық-коммуникативтік технологияларды;
- денсаулық сақтау технологияларын және т.б. жатқызуға болады.

Қорыта келе, қазіргі кездегі барлық білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерінің алдына қоятын басты мақсаты – білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттыру болып табылады. Жалпы осы аталған бағдарламаның: белсенді оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу, көшбасшылық модульдерін болашақта да барлық өзіміздің сабақтарымызда қолданып, белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге тырысамын.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Липский И.А. Педагогическое сопровождение развития личности: теоретические основания //Теоретико-методологические проблемы современного воспитания: сб. науч. тр. – Волгоград: Перемена, 2004.
2. Крылова Н.Б. Очерки понимающей педагогики. – М.: Народное образование, 2003. 441 с.
3. Григорьев Д.В., Кулешова И.В., Степанов П.В. Личностный рост ребенка как показатель эффективности воспитания: методика диагностирования. – М., Тула, 2002.
4. «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы №114-IV Заңы

ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЛАРДАН ШЫҒУДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ

ДРОБА Татьяна Дмитриевна

КУТУБАЕВА Айгуль Канагатовна

МУКАНОВА Айгуль Жаксылыковна

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының

«Облыстық жасөспірімдер үйі» КММ тәрбиешілері

Жеке дағдарыс әр адамның өмірінде болуы мүмкін. Өмір деген оңай нәрсе емес: сіздің қолыңызда барлық карта болған кезде, ол кенеттен дойбы ойнауды ұсынады. Бұл тіркесті көптеген әлеуметтік қолданушылары естіген шығар. Демек онымен келіспеуге болмайды. Кейде өмірдегі қиындықтар, айналадағылармен түсініспеушілік және жеке қарым-қатынастағы мәселелер қиындық тудырады. Бірақ кейде жағдай нашарлайды. Адам өмірдің мәнін жоғалтады, депрессияға ұшырайды және ұйқысыздықтан зардап шегеді. Дағдарыс осылай дамиды.

Әр адамның өмірінде дағдарыстар болады. Дағдарыс – бұл тұрақты психикалық тепе-теңдіктің бұзылуы, ол осы жағдайдан шығудың әдеттегі жолдары көмектеспеген кезде пайда болады және адам жағдайды шешудің немесе оған бейімделудің жаңа әдісін іздеуге мәжбүр болады.

Дағдарыс – бұл қатты эмоционалды күйзелістің салдары, ол адамның психологиялық көрсеткіштерін нашарлатуы немесе, керісінше, дамудың жоғары деңгейіне жетуіне мүмкіндік беретін ойлар мен мінез-құлықтарды өзгертеді. Қарапайым сөзбен айтқанда, дағдарыс жағдайы – бұл ескі өмір негіздері жойылып, жаңалары әлі табылмаған кезең. Сондықтан дағдарысқа ұшыраған адамға білікті көмек көрсету өте маңызды.

Адамдар дағдарыстарды әр түрлі жолдармен бастан кешіреді. Дағдарыстар даму кезеңдерімен, өмірлік оқиғалармен байланысты болуы мүмкін және олар әрқайсысына жеке әсер етеді. Даму сәттері барлығына міндетті түрде дағдарыс әкелмейді, бірақ көптеген адамдар бұған біршама эмоционалды түрде қарайды және онымен күресу үшін көбірек уақыт пен ресурстарды қажет етеді.

«Дағдарыс» ұғымы (грек тілінен. *krisis* - шешім, бұрылыс нүктесі, нәтиже) – бұрылыс нүктесі, ауыр өтпелі күй, шиеленісу, қауіпті тұрақсыз күй. Дағдарыс – бұл қысқа уақыт ішінде әлем туралы және өзіңіз туралы идеяларды айтарлықтай өзгертуді қажет ететін эмоционалды және психикалық стрестік жағдай.

Көбінесе мұндай идеяларды қайта қарау жеке тұлғаның құрылымындағы өзгерістерге әкеледі. Бұл өзгерістер оң және теріс болуы мүмкін. Анықтама бойынша, дағдарысқа ұшыраған адам өзгеріссіз қала

алмайды; басқаша айтқанда, ол өзінің қазіргі психо-жарақаттық тәжірибесін таныстарымен, шаблондық категорияларымен жұмыс жасай отырып немесе қарапайым таныс бейімделу модельдерін қолдана алмайды (Гордон В. Олпорт).

Дағдарыс жағдайы – бұл адам үшін субъективті маңызды психо-жарақаттық жағдайға жауап ретінде пайда болатын, орын алған немесе оның пайда болу қаупі бар психологиялық жағдай.

Дағдарыстық психикалық жағдайды келесі белгілермен анықтауға болады (адамның мінез-құлқы):

1. Физиологиялық: ұйқының жиі проблемалары, тәбеттің төмендеуі, апатия. Тәуелділіктің пайда болуы. Мысалы, алкогольдік ішімдіктерді теріс пайдалану.

2. Когнитивті: ақыл-ой қабілетінің төмендеуі. Есте сақтау қабілетінің нашарлауы. Өз ойыңызды білдірудегі немесе басқа біреудің сөзін түсінудегі қиындықтар. Зейіннің нашарлауы. Уақытты қабылдау бұзылады. Когнитивті сфераның бұзылуының болуы келесі белгілермен дәлелденеді: әдеттегі санау операцияларын орындаудағы қиындықтар, жаңа алынған ақпаратты қайталаудағы қиындықтар, бейтаныс жерлерде бағдарлаудың бұзылуы, қоршаған ортадағы жаңа адамдар мен олардың есімдерін есте сақтаудағы қиындықтар, қарапайым әңгімеде сөздерді таңдаудағы айқын қиындықтар.

3. Эмоционалды: депрессиялық немесе депрессиялық көңіл күй және әлеуметтік бейімделу (басқалармен парапар қарым-қатынас жасай алмау). Өлемнен эмоционалды бөліну. Жалғыздық жағдайы. Болашаққа деген пессимистік көзқарас, өмірдің мағынасын жоғалту.

Үмітсіздік, үмітсіздік сезімі. Қауіпсіздік сезімін жоғалту. Тұрақты және себепсіз мазасыздық, жылау. Айналада болып жатқан барлық нәрселерден үнемі ыңғайсыздық. Өзін-өзі аяу. Өткенге және жақсы, керемет болған уақыт туралы естеліктерге үнемі жүгіну. Кемшіліктер кешенінің пайда болуы («мені бағаламайды»). Өзіңізді жетістікке жеткен достарыңызбен және таныстарыңызбен үнемі салыстыру. Ар-ұжданға, өзін-өзі кінәлауға дейін жететін мінез-құлық/әрекет үшін кінә сезімі.

Аутоагрессивті көңіл күй (деструктивті күресу стратегияларының болуы, тәжірибе мен азапты тоқтатуға деген ұмтылыс, суицид туралы ойлау).

4. Мінез-құлық: өзін-өзі жүзеге асырғысы келмеу (қоғамда өзін көрсетуге және өзін шығармашылықпен көрсетуге деген ұмтылыстың күрт төмендеуі). Кез келген әрекетке қызығушылықты жоғалту. Бұрын қуантқан нәрседен қанағаттануды жоғалту. Сыртқы келбеті мен мінез-құлқындағы күрт өзгерістер. Тұрақты қозу немесе агрессивті күй. Ерекше шопинг (қымбат стихиялық сатып алулар және «мәртебелік» сатып алулар). Барлығын тастап, Өлемнің шетіне кетуге деген ұмтылыс.

Мінез-құлықтың өзгеруі дағдарыстық жағдайлардың негізгі белгілері болып табылады, адамның жағымсыз жағдайы туралы білуге мүмкіндік береді. Олар әдеттегі мінез-құлықтағы елеулі өзгерістер арқылы келе жатқан апатты уақытылы тануға мүмкіндік береді.

Дағдарыс кезінде адамды қалай қолдау керектігі туралы ұсыныстар:

- Тыңдау. Эмоционалды дағдарыстың тереңдігін, қиындықтарды бастан кешіру сипатын бағалаңыз;

- Қасында болу. Адамның қазір және болашақта басқаларға уақыты бар екенін хабарлаңыз. Қауіпсіздік қаупінің қаншалықты ауыр екенін анықтауға тырысыңыз;

- Шын жүректен сөйлеу (көп жағдайда адамдар тіпті ең кішкентай жалғандықты сезінеді);

- Үмітті сақтау. Сабырлы болыңыз және адамды не айтса да айыптамаңыз. Қажет болса, кәсіби көмек іздеуге көмектесіңіз.

Дағдарыс жағдайында өзіңізге қалай көмектесуге болатындығы туралы ұсыныстар:

- жұмыс немесе оқу (ештеңеге қарамастан);

- табиғат – таза ауа, неше түрлі қозғалыс, әсіресе жылдам жүру;

- тамақтанудан бас тарту, тамақтануды өзгерту арқылы денені тазарту;

- өнер-әдебиет, сурет өнері, поэзия, музыка;

- махаббат (болмауына қарамастан, қиялдағы сезімталдыққа қарамастан);

- білім (ең алдымен, оқу арқылы, соның ішінде депрессия дегеніміз не?);

- тағдырдың әділдігіне деген сенім, мысалы, депрессия қандай да бір себептермен қажет және адамға белгілі бір түсінік беру үшін беріледі, сондықтан оны тек зұлымдық ретінде бағалауға болмайды. Бір сөзбен айтқанда, ауырсыну сияқты депрессия керемет табиғи құтқарушы;

- жүгіру – мазасыздыққа, депрессиялық күйге қарсы дәрі;

- каллиграфия, сурет салу – жүйке ауруларын емдеудің ең тиімді әдістерінің бірі.

Каллиграфиялық жазумен немесе сурет салумен айналысатын адам бұл процеске соншалықты тартылады, ол босаңсытады, оның импульсі тураланады және жазушы (сурет салушы) мүлдем тынышталады.

Жеке дағдарыстан шығудың кез келген жағдайдағыдай, екі жолы бар. Біріншісі – өмірге шағымдану, ештеңе жасамау және өзіңізге тереңірек ену. Екіншісі – мәселені түсіну, себебін анықтау және әрекет жоспарын құру. Таңдау әрқайсысына байланысты. Егер ол шынымен дағдарыстан шығып, өмірін өзгерткісі келсе, онда ол екінші нұсқаны қалайды. Ол, әрине, уақыт пен күш-жігерді қажет етеді. Бірақ нәтижесіне көңіл толады. Өмір қайтадан түрлі түстермен ойнап, ал болашақ жарқын болып көріне бастайды.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ІС-ШАРА САБАҒЫ

Дайындап өткізген әлеуметтік педагог:

КУБИЕВА Г.Б.

Т. Масин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Мақсаты: Мүмкіндіктері шектеулі балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды қамтамасыз етуге, балалардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін және әр баланың мүмкіндігін ескере отырып, ақыл-ой, адамгершілік, физикалық, эмоционалдық, танымдық қабілеттерін дамытуға психологиялық бағыт-бағдар беру. Балалардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін және әр баланың мүмкіндігін ескере отырып, ақыл-ой, адамгершілік, физикалық, эмоционалдық, танымдық қабілеттерін дамытуға бағыт-бағдар беру.

Көрнекіліктер: слайд, конструкторлар, көзілдірік, қолғаптар, құлақтанғыштар.

Психологтың кіріспе сөзі:

Сәлеметсіздер ме, құрметті әріптестер!

Біз сіздерді тағатсыздана күттік және сіздермен кездескеніміз үшін қуаныштымыз. Сондықтан мен сіздерді «Теңізге саяхат» релаксациялық жаттығуды орындауға шақырамын.

1. Релаксация «Теңізге саяхат»

Жайланып отырыңыз, көзіңізді жұмыңыз. Терең демалыңыз, денеңізді бос ұстаңыз, денеңізді ауырлап бара жатқандай және оны теңіз толқынының лебі ұрып жатқандай сезініңіз. Өзіңізді жартастың үстінде тұрмын деп есептеңіз және алысқа көз жіберіңіз...

Сіздің алдыңызда көгілдір теңіз, ашық аспан және күн. Теңіз бір қалыпты демалып, асау толқындары жағаға соғылып, қайтадан кейін қайтуда. Теңіз толқындарының шуын естіп, толқындарға қызыға қарап, жағалаудағы теңіздің тұзды ауасын жұтып сіз тұрсыз. Өз бойыңызды басқан ауыртпалықтан бір сәтке болса да арылғандайсыз. Сіздің рухыңыз жайлылық сезіміне толы.

...Сіз төменге түсіп, аяғыңызды шештіңіз, жалаң аяқ құмның қызуы мен жұмсақтығын сезіне отырып жүгірудесіз. Міне сіз судың жанына келдіңіз, толқындар сіздің аяғыңызды жуып жатыр, су жып-жылы әрі жұп-жұмсақ. Сіз қолдарыңызды бос тастап, басыңызды шалқайттыңыз. Күн сәулесі мен жеңіл самал сіздің бетіңізді өрбуде, теңіз толқындарының тамшылары сіздің денеңізді баурап алғандай. Ерніңіз денеңіздің тұзды суының кермек дәмі және бақыт күлкісі. Сіз өзіңізді кішкентай бала сияқты сезініп, жүгіргіңіз, секіргіңіз, су шашып ойнағыңыз, күлкіңіз келеді. Өзіңізге осы бірнеше минут ішінде не істегіңіз келсе, соны істеуге рұқсат етіңіз.

...Сіздің қайтатын уақытыңыз болды. Міне сіз тағы да жардың басында тұрсыз. Сіз демалыс пен бақыт сыйлаған ғажайып әлемге алғысыңызды айтыңыз. Асықпай бұл орынмен қоштасыңыз. Қандай ғажап табиғат, таза ауа, жұмсақ құм, жылы су! Енді кең демалып, ақырын демімізді шығарамыз.

Біздің басымыз артық ойлардан тазарды. Біз

өзімізге күні бойға жетер жігер, қуат жинадық, біздің көңіліміз қуанышты. Біз осы өмірдегі ең бай, ең байсалды, ең білімді, ең керемет жандармыз! Бір-бірімізге қуанышты сезіммен қараймыз. Біз қандай бақыттымыз! Қандай кереметпіз! Көздеріңізді асықпай ашыңыздар.

Рефлексия!

- Қазір қандай күйдесіздер?

- Босаңсу жаттығулары қаншалықты нәтиже береді екен?

Қазіргі таңда инклюзивті білім беру немесе «Білім баршаға» бағдарламасы – барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл балаларға қатысты біздің алдымызда тұрған міндет – олардың әлеуметтік ақталуы мен бейімделуіне, қоғамдағы толыққанды өмірге дайындалуына жағдай жасау және көмек көрсету.

Инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы білім беретін мектептерде тең жағдайда бірдей білім алуына қолжетімділігін ұйымдастыру. Білім берудің бұл түрінде мүмкіндігі шектеулі баланың өз-өзіне сенімі артады, ол маңайдағылардың тарапынан өзіне қолдау бар екенін сезінеді. Бұл баланың өзін-өзі бағалай білуіне, қоршаған ортасына сүйіспеншілікпен қарауына, өзін қоғамның толыққанды мүшесі сезінуіне жол ашады.

П. Шуман «Бала кемістігінің даму деңгейі неғұрлым төмен болса, соғұрлым мұғалімнің білім деңгейі жоғары болу керек» – деп айтып кеткен. Балаларды инклюзивті оқытуды жүзеге асыру мен ұйымдастыруда білімгерлер бойында кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру әрбір мұғалімнің міндеті. Осыған орай құрметті ұстаздар сіздермен шағын тренинг өткізгелі отырмын.

Алдымен барлығымыз бір-бірімізбен амандасып алайық. Амандасу тәсілін сіздерге түсіндіріп өтемін. Үш түсті алақан көрсетемін, оның өз амандасу тәсілі болады:

Жасыл түсті алақан – қол беріп амандасу.

Қызыл түсті алақан – арқамен амандасу.

Сары түсті алақан – құшақтасып амандасу.

I бөлім:

«Құшақтасу» жаттығуы

Мақсаты: топты эмоционалдық біріктіру, эмоционалдық қатынас орнату, бір-бірін бөлектемеу.

Қатысушылардың біріншісі біреуін құшақтайды, екіншісі ол екеуін, үшіншісі ол үшеуін солай жалғаса береді, соңында үлкен құшақтасқан шар пайда болады.

Микротоп арасындағы пікірлесу жаттығуы, белсенді емес адам шетте қалып қоймауын қадағалау.

Қатысушылар өзара ой бөліседі.

II бөлім:

«Бізге жақсы болған кезде...» жаттығуы

Өткен жаттығудың жалғасы ретінде, қатысушыларға төмендегідей сәттер болғанда өзімізді қалай сезінетінімізді еске түсіріп, мимика және пантомимамен көрсету ұсынылады.

Басқарушы көрсетуге көмектеседі.

- Бізге ұрысып жатыр;
- Бізді мақтап жатыр;
- Бізге қорқынышты;
- Бізге көңілді;
- Тақтада жауап беріп тұрмыз;
- «5» алдық;
- «2» алдық;

Қатысушылар өзара ой бөліседі.

Сергіту сәті:

1. Шабамыз – шабамыз – шабамыз (алақандарымен ақырындап аяқтарын соғады, қаттырақ соға бастайды)
 2. Барьер (қолдарын алдарына қойып барьердан секірген болады)
 3. Солға бұрыламыз (қолдарымен сол жақтарын көрсетеді)
 4. Жаңбыр (Бір-бірінің арқаларынан соғады)
 5. Оңға бұрыламыз (қолдарымен оң жақтарын көрсетеді)
 6. Финишка жеткенде (қолымызды жоғары көтеріп, «Урааа!»)
- Нұсқаушының айтуы бойынша қимылдар 3-4 рет қайталануы мүмкін.

«Қорап» жаттығуы

Өз тілектері бойынша 3 қатысушы ортаға шақырылады. 1-қатысушы аяғын 2 аяқкіім қорабына салады, ал, 2-қатысушы екі жағынан аяқтарын салып, бөлмеде жүрулері керек.

- 1-тапсырма, екі жағындағылар бір-бірімен ақылдаспай бөлмеде жүреді;
 - 2-тапсырма, екі жағындағылар ақылдасып жүреді.
- Соңынан талқылауға сұрақтар қойылады:
- Қозғалуға ыңғайлы болды ма?
 - Қай қатысушыға жылжу қиынырақ болды?
 - Ортадағы ойыншы қай кезде жеңіл, сенімдірек жылжиды?

Екі жағындағы қатысушылар қозғалуға көмектесе отырып бір бағытта жүргенде ме, әлде, әр қатысушы өз бағыты бойынша қозғалғанда ма?

III бөлім:

- Өте жақсы, рақмет. Енді маған өз қалауы бойынша 8 адам керек. Ал қалғандарыңыз орындарыңызға отырып көрермен болуға болады. Сіздер екіге бөлініп столдың жанына барып отыруларыңызға болады.

Стол үстінде:

1. Нашар көретін көзілдірік – нашар көретін адамның белгісі.
2. Құлақтаңғыш – құлағы естімейтін адамның белгісі.
3. Мүлдем ештеңе көрмейтін көзілдірік – көзі мүлдем көрмейтін адамның белгісі.
4. Қолғап – саусақтары дұрыс дамымаған адамды білдіреді.

Осылайша үстел үстінде отырған адамдар заттардың барлығын пайдаланады. Содан кейін олардың алдарына конструктор беріледі. Конструктордан бір топ үй, екінші топ машина құрастырып шығарулары тиіс.

Уақыт 5 минут. Уақыт біткеннен кейін қатысушылар

өздерін қалай сезінгендері жайлы айтып береді.

(Ой бөлісу)

- Рақмет, тренингіміздің келесі бөліміне өтеміз.

4. «ДЫБЫСТЫҚ ГИМНАСТИКА»

Нұсқау: Психологтың нұсқауы бойынша берілген әріптерді хормен қайталау. Психолог айтылған әріптердің адам ағзасы үшін маңыздылығын түсіндіреді.

А – дыбысы, барлық ағзаның жұмысын жақсартады.

Е – дыбысы, қалқанша безінің жұмысын күшейтеді.

И – ми, көз, құлақ, мұрынның жұмысын жақсартады.

О – жүрек және өкпенің жұмысын белсендіреді.

Х – барлық ағзамыздың тазаруына көмектеседі.

Ха – ха – көңіл күйді көтереді.

Өміршеңдік ережелер

(Ережелер интерактивті тақтадан көрсетіледі, қатысушылар бірге оқиды)

• Өз күшіңе деген сенімсіздікпен қалай күресуге болады? Кез келген іске төмендегідей көңілмен кірісейік: иығыңды тіктеп, жарқын көңілмен, іштей табысқа жетуге талаптанып:

- Жігер деген – Мен.
- Күш деген – Мен.
- Махаббат деген – Мен.
- Кешірім деген – Мен.
- Құдырет деген – Мен.
- Жасөспірім деген – Мен.
- Жастық деген – Мен.
- Даналық деген – Мен.
- Денсаулық деген – Мен.
- Жарқындық деген – Мен.
- Бар ғажайып деген – Мен.
- Бәрі маған байланысты.
- Бәрі менің қолымда!!! - деп өзіңді сендіріңіз.

Рефлексия

«Сағат тілі» жаттығуы

Нұсқау: қатысушыларға сағаттың суреті бейнеленген қағаздар таратылып беріледі. Қатысушылар психологтың нұсқауымен уақыт аралықтарына өздері қалаған қатысушылардың есімдерін жазады. Есімдер жазылып болған соң, психологтың бұйыруымен әрбір қатысушы өз таңдаулары бойынша адамдарды іздейді: Мысалы:

- 13-14 аралығы – қоштасу;
- 15-16 аралығы – күлімдеу;
- 17-18 аралығы - комплимент айту;
- 19-20 аралығы – басынан сипау;
- 21-22 аралығы – тілек айту;
- 23-00 аралығы – мимика арқылы сыйлық сыйлау.

- Мінекей, тренингіміздің соңына да келіп жеттік. Бірақ біздің жолымыз біткен жоқ, біз әрдайым қозғалыстамыз. Көздеген мақсатымызға жеткенде біздің алдымыздан тағы да өзге жаңалықтар ашылады, қазіргі дәуірде, яғни 21-ғасырда жаңалықтың шегі жоқ. Олай болса, жаңашыл 21-ғасырдың Керемет педагогтары бола берейік!

Мен сіздерге шығармашылық табыстар тілеймін!

СТРЕСС-МЕНЕЖДМЕНТ

ТУРГУМБЕКОВА Гульзат Ерментаевна

МКҚК «Мағжан» бөбекжайының педагог-психологі,
Төле би ауданы, Ленгір қаласы, Түркістан облысы

Мақсаты:

- Стресс туралы түсінік беру.
- Стрестің адам денсаулығына кері әсерін түсіндіру.
- Тренинг-жаттығулар арқылы стрестен шығу жолдарын көрсету.

Міндеттері:

- Позитивті ойды дамыту.
- Стрестен арылуға психологиялық кеңес беру.

Қатысушылар: тәрбиешілер

Билингвистикалық компоненттер:

стресс - күйзеліс, эмоция - көңіл күй.

Тренинг

Тренинг – жаттығу деген ұғымды білдіреді

Психологиялық тренинг – тез шешім қабылдау, қысылтағанда жол таба білу, тіл табысу, өзге адамдармен қарым-қатынас мәдениетін жүзеге асыруға бағытталады.

Тренинг қағидалары:

- Белсенділік
- Ашық кері байланыс
- «Нақ осы жерде және тап қазір»
- Сенім білдіру
- Белгіленген тәртіпті сақтау

Тренингті ұйымдастыру кезеңдері:

- Жалпыға ортақ психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру.

- Рефлексия тудыратындай пікірталас, ойын не сұхбат жүргізу.

- Нақты міндетті шешу, дамыту не түзету мақсатына жету.

- Психологиялық жеңілдеу, релаксация және сабақты қорытындылау.

1-жаттығу: «Бейдж» танысу жаттығуы

Мақсаты: Қатысушылардың тренингте өздерін еркін ұстауын және көңіл күйін шоғырландыру.

Ресурстар:

Бейдж, түрлі-түсті маркерлер, түрлі-түсті қағаздар.

Жүргізілуі: Қатысушылар өздерінің таңдаған лақап аттарын немесе өзіне ұнайтын есімдерді берілген параққа түрлі түсті маркерлермен жазып, бейджге салып, неліктен осы есімді таңдағандықтарын түсіндіреді.

«Стресс және одан арылу жолдары» тақырыбына таныстырылым.

Ресурстар: Слайд.

Стресс – адамның мазасыздығынан туындайтын, көбіне өзі бейімделмеген жұмыстардың шамадан тыс болуына байланысты бейімделген психикамен организмнің өзгерістерге ұшырауына әкелетін процесс ретінде саналады.

Стрестің пайда болу себептері:

- Уақыттың жетіспеушілігіне байланысты жұмыс;
- Ақпараттың шамадан тыстығы;
- Тұлғаға ұжымдық қысым;
- Өзіне және қоршаған ортаның өміріне қауіп төндіретін жұмыстар;
- Міндетті түрде шектелу;

- Өмірде мақсаттың болмауы;
- Болып жатқан жағдаяттарды қалыпқа келтіре алмау және тағы басқа.

Стресс белгілері:

- Үнемі шаршаңқылық сезімі;
- Эмоционалды денсаулығының азуды;
- Сыртқы ортадағы өзгерістерге байланысты қабылдау мен белсенділіктегі өзгерістер;
- Себепсіз бастың ауруы мен қан қысымының көтерілуі;

- Асқазан-ішек ауруларының жолдарының қозуды;
- Жыныс қызметіндегі бұзылыстар;
- Дене салмағының күрт азаю немесе ұлғаюы;
- Толығымен немесе сирек ұйқының бұзылуы;
- Ұйқылы-ояу жүру;
- Физикалық және эмоциялық жағдайлардағы тыныс алудың қиындауы.

Стреске қарсы тұру факторлары:

- Өз денсаулығын күту;
- Өз-өзін жоғары бағалау;
- Өзіне және өз қабілеттеріне деген сенімділік;
- Стреске қарсы тұра алу;
- Ашық қарым-қатынасқа түсе білу;
- Өз-өзін басқару;
- Оптимизм т.б.

Зерттеу бойынша, әйел адамдар ер адамдарға қарағанда ұзақ өмір сүреді екен. Психологтардың зерттеуі бойынша, әйелдер әңгімеге жақын, жылауға дайын тұрады. Сол арқылы іштегі барлық жағымсыз эмоция, энергияларын көз жасы арқылы, сырын белісу арқылы сыртқа шығарып отырады. Ал ер адамдар барлығын ішке сақтайды, олар жыламайды не әйелдер сияқты өсек әңгімеге жақын емес. Бұдан шығатын қорытынды: ер адамдарға айтар кеңесіміз, арасында жылап алғандарыңыз дұрыс.

Егер мәселе уақытында шешілмесе ол – стреске ұшырайды, стресс уақытында шешілмесе, оның арты депрессияға ұшырайды, депрессия – неврозға, невроз – соматикалық ауруларға ұшыратады. Сондықтан стрестің алдын алу үшін, мәселені уақытында шешкен дұрыс.

2-жаттығу: «Менің сезімім» жаттығуы:

Ресурстар: Ақ парақ, акварель.

Мақсаты: Іште жиналған жағымсыз эмоцияларды шығарып, жағымды эмоция қалыптастыру.

Жүргізілуі: Қатысушыларға ақ парақ ұсынылады.

- Осы бөлінген бөлекшелерге ақ түске ақ бояумен өзінің ойына бірінші оралған жағымды суретті салып, ең жақын адамына тілектер жазу.

- Екінші бөлікке жасыл бояумен сурет салып, өз арман тілектерін жазу.

- Үшінші бөлікке қызыл түспен сурет салып, ішіндегі ашуды көрсету.

- Төртінші бөлікке қара бояумен сурет салып, өміріңізде болған ең жағымсыз оқиғаңызды жазыңыз.

3-жаттығу: «Рефрейминг» жаттығуы

Ресурстар: Ақ парақ және түрлі түсті маркерлер.

Мақсаты: Жұмыс

Жүргізілуі: Тренинг қатысушылары жұп болып бөлінеді, жұптағыларға бір бірлерінің өздері ұнатпайтын, стрестің туындауына әкелетін ең жағымсыз қасиеттерін анықтауға 3 минут уақыт беріледі.

Жұбыңыздың жұмыс барысында стресске әкеліп соқтыратын ең жағымсыз қасиетін жағымды қасиетке айналдыруға арналған постер жасау.

4-жаттығу: «Ақиқат орындығы» жаттығуы

Ресурстар: Орындық, таратпалар.

Мақсаты: қатысушылардың қорқыныштары мен стрестерінен арылту, ашық болуға шақыру.

Жүргізілуі: Алдарыңызда таратпалар жиыны тұр. Енді сіздер кезекпен ортаға шығып, аяқталмаған сөйлемдерге жауап берулеріңіз керек.

Таратпалардағы сөйлемдер:

- Ең үлкен қорқыныш бұл – ...
- Мен мынадай адамдарға сенбеймін...
- Мен ренжимін, егер...
- Мен ұмытпаймын, егер...
- Маған көңілсіз, егер...
- Егер маған дауыс көтерсе, мен...
- Егер мен сенімсіз болсам...

Сөйлемді аяқтағанда қандай сезімде болғандығы жайлы сұралады. Бұл сәтте қолдау мен сүйенішті қажет етеді.

5-жаттығу: «Хат жазу» жаттығуы

Ресурстар: Ақ парақ, қаламсап.

Мақсаты: Ішкі мәселелерді зерттеу және түзету.

Жүргізілуі: Қатысушылар шеңбер болып отырады. Тренердің нұсқау береді: сезіміңізді толық білдіре алмаған адамды еске түсіріңіз. Қандай сезіміңіз бар? Енді сол адамға хат жазып, сезіміңізді, айта алмай жүрген сөзіңізді, ойларыңызды жазыңыз. Ол үшін көзіңізді жұмып, сезімді (қуаныш, реніш, уайым, ыза, ашу) еске түсіріңіз.

Енді «Қымбатты» немесе есімін жазып хатты жалғастырыңыз. Ішіңізде сақтаған бар сырыңызды төгіп, салып жазыңыз, іште ештеңе қалмасын, барлығын жазыңыз. Өзіңізге шектеу қоймаңыз, есесіне жеңілдеп, жадырап қаласыз.

Қатысушы ұстаздардың эмоциясы талқыланады.

Стресті қалай жеңуге болады?

Мақсаты: Теориялық аспектілерге тоқталу және стрестен арылудың жаттығуларын ұсыну.

а) Стресті жеңу үшін немен айналасуға болады?

Психологиялық әдістерімен атаңдар.

(Тәрбиешілердің жауаптары – сүйікті ісімен айналасу, жақын құрбымен сырласу, сурет салу және т.б.)

ә) Стресті болдырмау үшін не істеу қажет?

Біріншіден: стресс кезінде ағзадағы витаминдер қоры, әсіресе В тобы тез таусылады. Көптеген дәрігерлер күнде витамин ішуге кеңес береді, дегенмен де артық ішіп қоймаңыз. Барлығы орнымен болғаны жөн.

Екіншіден: дене жаттығулары өте пайдалы. Спорт запына барыңыз, жаттығу жасаңыз, билеңіз, ән айтыңыз, қалада серуендеңіз, бассейнге, моншаға барыңыз.

Үшіншіден: психикалық және дене релаксациясы қажет. Келесі тәсілдерді көріңіз: босаңсытатын музыка тыңдаңыз, түнгі аспанға бұлтқа қараңыз және армандаңыз.

Төртіншіден: үйлесімді өмір үшін жанұяның, достардың қолдауы қажет. Психологиялық тренингтерге барыңыз, жанұя салтанаттарынан қалмаңыз, жаңа қызықты адамдармен танысыңыз. Ата-аналарыңызға, ата-әжелеріңізге, бауырларыңызға көңіл бөліңіздер,

өйткені олар сіздің махаббатыңызды, қамқорлығыңызды, мейіріміңізді өте қажет етеді емес пе?

5. Қорытынды

Стресс – бұл біздің күнделікті өміріміздің маңызды бөлігі, бұл эмоционалды және физикалық стресстің күйі және адам ағзасының жағымсыз эмоцияларға, шамадан тыс күшке немесе жай монотонды шұға реакциясы ретінде әрекет етеді. Стресті жеңуге деген ұмтылыс табиғи, өйткені кез келген стресс ағзаға үлкен салмақ түсіреді.

Көбіне стресске ұшыраған адамдар түрлі ауруларға бейім, мысалы: жүрек-қан тамырлары аурулары, қабыну және аллергиялық реакциялар, депрессия, тірек-қимыл аппараты аурулары, семіздік, қант диабеті, ұйқы, ас қорыту және тыныс алу бұзылыстары.

Стресті қалай жеңуге болады?

Біз сізге күрделі және өмірлік қиын жағдайды жеңуге және психологиялық әл-ауқатты сақтауға көмектесетін бірнеше қарапайым ұсыныстар ұсынамыз.

Үзіліс алу. Стрестің негізгі көзі – шамадан тыс күш, сондықтан демалу онымен күресуге көмектеседі. Бірақ бұл сіз теледидар алдында күні бойы отыруыңыз керек дегенді білдірмейді – белсенді демалыңыз, табиғатқа, таза ауаға барыңыз.

Жақсы ойла. Біздің ойлаған және елестететін нәрселердің барлығы біздің эмоционалды күйімізге әсер етеді және бұл біздің санамыздан басқа автоматты түрде болады. Психологияда жағымсыз эмоциялар мен жағымсыз естеліктерден арылуға көмектесетін «позитивті визуализация» деп аталатын әдіс белгілі. Біз жағымды, қуанышты оқиғаны еске алғанда, осындай естеліктермен денеміз жақсы эмоцияларды «еске алады» және бұл біздің жанымызды жақсартады.

Таңертең жүйелі түрде жаттығулар жасаңыз.

Бұл 5-10 минут ішінде бірнеше физикалық жаттығулар болуы мүмкін. Дене белсенділігі стресстік жағдайларды шешуге көмектеседі, бұл денені эмоционалды әсерге төзімді етеді. Ең үлкен әсер үнемі қайталануды қажет ететін жаттығулардан болады (мысалы, жүгіру), олар денені босаңсытады.

Жұл күліп тұрыңыз. Айнаға барыңыз және жай ғана өзіңізге күліңіз. 19 секунд күлімсіреу бұлшық ет жадын («қуаныш симптомы») белсендіріп, адамның жағымды көзқарасын арттыратыны анықталды.

Өзіңізді мақтаңыз.

Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, оң пікірлер стресті бейтараптандыруға жауап беретін кортизол гормонының өндірісін ынталандырады.

Ұйқы режимін қадағалаңыз.

Дене жақсы қалпына келтіріледі, соғұрлым ол босаңсады. Ол ұйқысында жақсы демалады, демек сізге ұйқы жеткілікті – күніне кем дегенде 8 сағат.

Көп күліп, сергек болыңыз! Жаттығу сияқты, күлгенде де жүрек соғу жылдамдығы жоғарылайды, қандағы холестерин мөлшері азаяды, эндокриндік бездерден бас ауруын жеңілдететін заттар шығады. Бір минуттық күлкі терапиясын 25 минуттық аэробикамен теңестіруге болады!

Денеңізді тыңдаңыз. Кейбір бұлшықеттердің қажетсіз шиеленісетінін міндетті түрде байқайсыз. Бұл қысылған жақтар немесе қатты арқа бұлшықеттері болуы мүмкін. Бұлшықет қысқыштары адам бойындағы

белгілі бір психологиялық проблемаларды көрсетеді. Бұлшықеттерді «босатыңыз»: массажға барыңыз, жылыныңыз, созылыңыз.

Көңілді көтеретін тағамдармен тамақтаныңыз. Өздеріңіз білетіндей, стресспен күресте таптырмас көмекші – бұл бақыт гормоны – серотонин, ал банан, бадам немесе шоколад сияқты тағамдар оның белсенді өндірілуіне ықпал етеді.

Жүректен-жүрекке әңгіме-дүкен құрыңыз.

Кейде эмоционалды стрестегі адамға жай ғана айту керек. Мұнда сізге жақын адамдар, жақын досыңыз көмектеседі.

«МЕН ЕРТЕҢІМЕ СЕНЕМІН!»

ИМАНБАЕВА Назира Илесовна

№1 мектеп-гимназиясының педагог-психологы



Мақсаты:

Оқушылардың көңіл күйлерін көтеру, есте сақтау қабілеттерін арттыру, бір-бірлерімен жаттығулар арқылы жағымды қарым-қатынас орнату

Өткізілген уақыт: 06.03.2023 ж.

I Ұйымдастыру кезеңі:

- Оқушылармен сәлемдесу

- Көңіл күйлерін сұрау

Тренинг ережесі:

- Бір-бірімізді тыңдаймыз.
- Уақытты үнемдейміз.
- Белсенділік танытамыз.
- Достық қарым-қатынаста боламыз.
- Жағымды эмоция тудырамыз.

II Негізгі бөлім:

1. «Жұмсақ шеңбер» жаттығуы
2. «Стакандар мұнарасы» жаттығуы
3. «Бұзылған телефон» ойыны
4. «Жіптік курс» ойыны

III Қорытынды:

«ҰБТ-ға сеніммен» жаттығуы

Қажетті материалдар:

Лента, смайликтер, жіп, қалам, баклажка, ұнтаспа.

«Жұмсақ шеңбер» жаттығуы

Мақсаты: оқушылардың көңіл күйлерін көтеріп, ауызбіршілікке, жылдамдыққа үйрету.

Жүргізілуі: оқушылар ортаға шеңбер жасап тұрады. Қолдарына шеңбер жасалған лента беріледі. Барлығы ортада шеңберден ұстап, айтылған тапсырмаларды орындайды. 1. Алдымен шеңберді барлығы ұстап, жоғары лақтырып, қағып алулары қажет. 2. Екінші тапсырмада шеңберді жоғары лақтырып, қолдарын бір шапалақтап, шеңберді қағып алып үлгерулері қажет. Үшіншіде шеңберді жоғары лақтырып, қолдарын екі рет, төртіншіде 3 рет қол шапалақтап, бесінші жаттығуда шеңберді жоғары лақтырып, орындарынан бір рет айналып, қағып алып үлгеру қажет.

«Стакандар мұнарасы» жаттығуында оқушыларды екі топқа бөліп, оқушыларға резеңке байланған жіптер мен стакандар беріледі. Екі топ бірдей уақытта стакан мұнарасын құрастырып шығулары қажет. Алдымен бірінші қатарға төрт стаканды, екінші қатарға үш стакан, үшінші қатарға екі, ең төбесіне бір стаканды қойып екі минуттың ішінде мұнара құрастыру қажет. Қай топ бірінші болып жеңіске жетсе сол топ жеңімпаз болады.

«Бұзылған телефон» ойыны. Бұл ойында отырған оқушылардың ішінен 6 оқушыны ортаға шығарып, соның ішінен бір оқушыны қалдырып, қалған 5 оқушыны сыртқа шығарып жібереміз. Ортада қалған бір оқушыға бір мәтін оқылады. Ол оқушы сырттағы бір оқушыны шақырып, мәтіннен түсінгенін айтып береді. Осылай жаттығу жалғаса береді. Келген оқушы не естігенін келесі оқушыға баяндап берулері қажет. Жаттығу соңында ең соңғы естіген оқушы мен ең бірінші естіген оқушының сөздері тыңдалады. Қалған оқушылар барлығын мәтіндерін тыңдап отырады. Телефонның қай жерден бұзылғанын табулары қажет. Бұл жерде кімнің есте сақтау қабілеті, есту қабілеті жақсы екендігін аңғаруға болады.

«Жіптік курс». Бұл жаттығуда оқушылардың бірінбірі дұрыс түсінуі, ауызбіршілікті, оқушылар арасындағы жағымды қарым-қатынасты арттыру мақсатында жүргізіледі. Бұл жаттығуда барлық қатысушыларға жіп беріледі, жіптің түйіскен ортасына қалам қойылады. Оқушылар сол қаламды жерге түсіріп алмай жерде тұрған баклажкаға қаламды салулары қажет.

«ҰБТ-ға сеніммен» жаттығуы.

Оқушылардың ҰБТ-дан қаншалықты жоғары балл алатындығына мотивация беру, өзіне деген сенімділігін арттыру мақсатында жүргізіледі. Барлық оқушылар ортаға шеңбер бойымен тұрып, бір-бірлерінің қолдарынан мықтап ұстап тұрады. Ортаға мен өзіме «ҰБТ-дан 140 балл аламын!» деген бір оқушы ортаға шығады. Шеңбермен қоршаған оқушылардың мақсаты кедергі болу, оқушының сыртқа шығармау, ортадағы оқушы: «Амалын тауып, қайтсем де 140 балл аламын» – деп, амалын тауып сыртқа шығуы қажет.

Қорытынды. Қорытынды бөлімінде оқушылардың жаттығудан алған әсері сұралады.

ТРЕНИНГ: «МЕН ЖӘНЕ МЕНІҢ ОРТАМ»

АЗБЕРГЕНОВА Сандугаш Жаксыбековна

Намазбай Ақшабаев атындағы орта мектебі,
Қызыл жұлдыз ауылы,
Байзақ ауданы, Жамбыл облысы

Қатысушылар:

бастауыш сыныптарының оқушылары.

Мақсаты:

Сыныптағы оқушыларды бір-бірімен жақынырақ таныстыру. Балалардың мектепке адаптациясының жеңіл өтуіне көмек беру. Балалардың оқуға мектептік өмірге қызығушылығын арттыру. Тренинг барысында жақсы психологиялық ахуалды орнату, балалардың қарым-қатынасын жақсарту, түсіушілікке, досшылдыққа тәрбиелеу.

Құралдар: жай ұнамды әуен. Әр балаға ойыншықтар. Тақырыпқа байланысты суреттер.

I Ұйымдастыру кезеңі

Тренингтің өтуіне орындықтар шеңберге қойылады, әр орындықта бір-бір ойыншықтар тұрады.

II Негізгі бөлім

1-тапсырма: «Орын табу»

Нұсқау: Жай ұнамды әуен 3-4 минут қойылады. Сол кезде балалар өздеріне ұнаған ойыншықты таңдап, орындықтарға отырады.

2-тапсырма: «Менің керемет есімім!»

Нұсқау: Әр бала өзінің есімін айтады, өзі туралы шағын әңгіме айтады.

Ойын: «Алақандар»

Шарты: балалар бір-бірінің ашық алақандарына алақандарын қояды. Ортаға сұрақ қойылады. Сол сұраққа балалар жауап бере отырып, жанында отырған баланың алақанына өз алақанымен шапалақты жәйлап қояды. Ойын соңғы баланың жауабына дейін жалғаса береді.

Сұрақтар: Сыныпта оқығанда нені үйренгің келеді?

Осы сыныпта саған не ұнайды?

3-тапсырма: «Егер ...»

Нұсқау: әр балаға бір сұрақ қойылады. Сол сұраққа жылдам жауап беру керек. Сұрақтар «Егер де» деген сөзден басталады. Балалар қиялдап, фантастикалық жауаптар берсе болады.

Сұрақтар:

1. Егер де сен сиқыршы болсың, не болар едің.....
2. Егер мысықтар сөйлей алатын болса
3. Егер пілдер ұшатын болса
4. Егер балықтар сусыз өмір сүре алатын болса....
5. Егер адамдар жануарлардың тілін түсіне алатын болса.....
6. Егер ағаштарда шоколадтар өсетін болса.....
7. Егер қардың орнына аспаннан гүл жауатын болса.....
8. Егер машиналар майдың орнына сумен жүретін болса.....

4. Ойын: «Орныңды жылдам ауыстыр»

Шарты: жүргізуші бала басқа балалардың киімдерінде көбірек кездесетін затты белгілеп, «Кім шалбар киіп отыр, жылдам орынын ауыстырыңдар» деп команда береді, сол кезде барлық ойыншылар орында-

рын жылдам ауыстырады. Ал жүргізуші бос орындыққа отырып алады. Орындықсыз қалған ойыншы жүргізуші болып, ойынды жалғастырады.

5-тапсырма: «Кәне, сыйлық сыйлайық, жылы сөздер айтайық!»

Нұсқау: Әр оқушы қолдарындағы ойыншықты кезек-кезек қасында отырған балаға сыйлыққа беріп, жылы сөздер айтып, бір-біріне алғыс айтады.

III Тренингті аяқтау жұмысы.

Оқушылардан тренинг қалай өткенін сұрау.

- Қандай тапсырма қызық өтті?

Тренингтен кейін оқушылардың көңіл күйіне ұнайтын әуен қойып билетіп жіберу керек.

МЕНІҢ ӨМІРЛІК БАҒЫТЫМ

АБИЕВА Райхан Абуовна

Намазбай Ақшабаев
атындағы орта мектебінің педагог-психологы,
Қызыл жұлдыз ауылы,
Байзақ ауданы, Жамбыл облысы

Мақсаты:

- Оқушылардың өмір туралы көзқарастарын анықтау және өмірді қалай сүйетіндерін байқау; өмірдегі орны қандай деңгейде бағаланып жатқанын қаншалықты білетіндерін анықтау;

- Оқушылардың эмоционалдық көңіл күйін жақсартатын өмірдің мәнін түсіне білуге, рухани өсуге және жақсы мен жаманның аражігін ажырата білуге үйрету;

- Оқушылардың ойын ашу, өмірге деген жағымды көзқарасын қалыптастыру.

Көрнекілік: интерактивті тақта, виедо ролик, қима қағазар, тілек ағашы, стикер, қағаздан қиылған қайықтар.

Қатысушылар: 8-сынып оқушылары.

Барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Кіріспе.

- Қайырлы күн құрметті оқушылар! Тренингімізді бір-бірімізге жылы тілектер айтудан бастайық. Қане, шын-жыр әдісімен бастайық. Рақмет!

Өмір – қатал көтермейді ойынды,

Ұқпайды да кейде ізгі ойынды.

Күндей нұрлы болу үшін ертеңің,

Төтеп берсін дауылдарға желкенің, – дей келе, бүгінгі тренингіміздің тақырыбы «Менің өмірлік бағытым» деп аталады.

1. Ми шабуылы (5 мин)

- Өмір дегенді қалай түсінесіңдер?

- Өмір дегенде көз алдарыңа не елестейді?

- Өмірдің мәні не деп ойлайсыңдар?

- Өмір адамға несімен қымбат?

- Өмірдегі мақсатыңыз қандай?

- Дұрыс өмір сүру дегенді қалай түсінесің?

- Иә, өмір дегеніміз – адам баласының туылған күнінен бастап, осы күнге дейінгі жүрген жолы. Өмір

былайша алып қарағанда төрт-ақ әріптен тұратын сөз. Алайда осынау сөзге қаншама ұғым сыйып жатыр десенізші. Оның әрбір мезеті сынақтан тұрады. Қиындық пен қуаныш кезектесіп жетіп отырады.

Бір ағамыз: «Өмір – сырын білгізбейтін тентек ат секілді, қай жағынан келіп тебетінін білмей де қаласың» деген екен. Иә, шынында да, солай. Басқаша алып қарағанда, өмір шеті де, шегі де көрінбейтін үлкен өзен тәрізді. Ал, біз сол өзенде ақырын жүзген қайықпыз. Олай болса, Өмір адамға бір рет беріледі. Осы қамшының сабындай қысқа ғана өмірде бір-бірімізбен тек сыйласып өткенге не жетсін!

2. Ой қозғау

Топпен жұмыс. Постер қорғау. (12 мин)

«Ұлылардан ұлағат» – өмір жайлы айтқан сөздерді қалай түсінесіңдер?

I Өмір деген бұйым емес қолдағы.

Өмір дейтін – ұлы бекет жолдағы. (М. Мақатаев)

II Өмір теңіз, өтіп кетем деменіз, ізгілікпен жаралмаса кемеңіз. (Рудаки)

III Адам боп оңай туғанмен.

Адам боп қалу көп қиын. (Қ. Мырзалиев)

Әр топ өз жұмыстарын қорғап, айтып шығады.

3. Видеоролик «Әлемнің 7 кереметі» (6 мин)

Талқылау:

1. Не себепті 7 керемет деп атады?

2. Осылардың біреуі болмаса өмір сүруге бола ма?

3. Адамға ең бірінші не керек?

4. Осы видеоны көріп отырып қандай ойға келдіңдер?

4. «Мен бақыттымын...» «Бес саусақ» әдісі (5 мин)

- Қазір сіздерге стикерлер таратылып беріледі, ондағы алақанға «Мен бақыттымын...» деп жазып, саусақтарға себепін, яғни не үшін бақыттымын деп санайтыныңызды жазыңыздар.

- Міне, біз қандай бақыттымыз. Отбасымыз, бауырымыз, досымыз т.б. бар.

5. «Болашақтың кемесі»

«Сөйлемді аяқта» әдісі (5 мин)

Әр оқушы өздерінің болашаққа деген арман тілектерін, ойларын қағаздан әдейі қиылып жасалынған кемеге жазып, тақтадағы теңізге апарып жапсыру керек. «Менің болашақтағы арманым...» тірек сөзін пайдаланып сөйлемді жалғастыру қажет.

6. Видеоролик «Барлығы өз қолыңда» (2 мин)

Қорытынды

- Міне, балалар, қай нәрсе болмасын, жақсы болу да, жаман болу да, тіптен өз өміріміз де – өз қолымызда екенін білдік. Барлық нәрсе өз қолдарыңда екенін ұмытпағандарың жөн деп білемін.

7. Ой түйін. «Тілек ағашы»

Кері байланыс (5 мин)

Бүгінгі тренингтен алған әсерлерімен бөлісе отырып, өз сыныптастарына жақсы тілектер жазып, Тілек ағашына іліп шығады.

- Тренингке қатысқандарыңыз үшін рақмет!

АРТ-ТЕРАПИЯ АРҚЫЛЫ ТҮЗЕТЕ-ДАМУ ЖҰМЫСЫ

ИМАНКУЛОВА Мадина Курбанжановна

I санатты педагог-психолог,

«№14 психологиялық-педагогикалық

түзеу кабинеті» КММ,

Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, Алматы облысы

Топтық психологиялық түзету-дамыту іс-әрекетінің технологиялық картасы

Баланың аты-жөні: Балнұр

Аңғарымы: РОП ЦНС ЗПР ЦОП ОНР 3-деңгей.

Туған жылы: 30.03.2011 жыл.

Баланың аты-жөні: Ернур

Аңғарымы: РОП ЦНС ОНР 1 уровня

Туған жылы: 09.05.2013 жыл.

ТД іс-әрекет типі:

Жаңа білімді меңгеру, аралас сабақ.

ТД іс-әрекет түрі: Топтық.

Сабақтың тақырыбы: «Ғажайып көбелектер»

Мақсаты: балаларға АРТ-терапия туралы түсінік қалыптасыру арқылы түзете-дамыту жұмысына ынталандыру.

Білімдік міндеті:

- Балаларға АРТ-терапиясының бөлімдері: сурет салу, құм, ертегі терапиясындағы жаттығуларын таныстырып орындауға үйрету.

- Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, психоэмоционалдық жағдайды жақсарту.

- Қолдарының ұсақ саусақ моторикасын дамыту.

- Өзіне деген жағымды көзқарасты қалыптастыру.

Өсемділікті сезінуге тәрбиелеу.

Түзетушілік дамытушылық міндеті:

Тәрбиелеушілік міндеті

Технологиялық қамтамасыз ету:

A4 қағаз, түрлі түсті бояу, су бояу, құм, ертегілер.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:

Балалар АРТ-терапиясының бөлімдері: сурет салу, құм, ертегі терапиясындағы жаттығуларын білуі керек.

Болу керек:

Балаларда көбелектер жайлы білімі болу керек.

Үйрену керек:

Қорқыныш сезімін жеңе білуге үйрету.

Түзету-дамытушылық іс-әрекетінің кезеңдері

Түзете-дамытушылық іс-әрекетінің барысы

I Мотивациялық-оятушылық

- Мен сендерді өзімнің сабағымда көріп тұрғаныма өте қуаныштымын. Балалар, оң қолдарымен жүректеріңді ұстаңдаршы. Естіп тұрсыңдар ма? Тук-тук дейді. Енді осы кішкене жүрегімізде кішкентай ғана мейірім шуағы бар деп сезінейік. Сол шуақпен бір-бірімізді жылытайық. Бір-бірінің қолдарыңнан ұстаңдар. Міне, кішкене күн шуағы үлкен күнге айналды. Осы күннің жылуын таңғажайып әлеміндегі тұрғындарға апарып көмектесейік. Ал ол үшін біз ештеңеден қорықпайтын күшті де епті, батыл болуымыз керек. Ол үшін біз жаттығу орындап жіберейік.

Қимыл-қозғалыс жаттығуы: **«Жаңбыр»**

1. Жылы жаңбыр да жауды
(*екі қол артта, кезек-кезек алдыға созу*).
2. Жаңбырдан соң әдемі кемпіркөсақ та көрінеді (*екі қолды қанатша екі жақта ұстап, иіліп бір қолды бір қолға жеткізу*).

3. Жылы жаңбырға жуынып, өсімдіктер де жапырақтарын күнге жая бастады. (*Аяқты артқа созып қолды жоғары көтеріп, денені жоғары созу*)

4. Ал құстар қанаттарын қағып, ұшуға дайындалып жатыр. (*Қолды қанатша қағып, отырып-тұру*)

5. Жан-жануарлар да ояна бастады.

(*Жерге тіземен тұрып аяқтарын созу*)

6. Көбелектер де ұшуға дайындалып жатыр.

(*Лотос қимылы*)

- Балалар, мен сендерді бүгін сиқырлы орманға, саяхатқа шақырамын, қараңдаршы, айнала қандай әдемі. (Видео)

- Мына әдемі көбелектер біздерді қайда шақырып тұр екен? Кәне, арттарынан барайықшы. Құм салынған үстелге жақындайды.

- Балалар, бұл не? (құм)

Құммен ойнау ережелері:

1. Аузыңызға құмды апаруға болмайды!
2. Бетке құм лақтыруға болмайды, көзімізді зақымдап алуымыз мүмкін!
3. Құммен ойнағаннан кейін қолымызды сабындап жуамыз!

Құм терапия жаттығуы

- Қолды құмға салу.
- Саусақтарының арасынан құмды уқалау.
- Қолды құмға жасыру.
- Құмды себелеп құю.
- Құмның арасында жасырылған көбелекті табу.
- Көбелектер туралы не білесіңдер?

(*Балалардың жауаптары*)

Видеоролик көрсету. Көбелек жайлы мағұлмат беру.

- Балалар, жәндіктер көктем мезгілінде күн жылынғанда шыға бастайды. Көбелектер жазық далада, гүлден гүлге қонып, өсімдіктердің жапырақтарына жұмыртқалайды. Жұмыртқалары жұлдызқұртқа айналады. Олар жұпты аяқтарымен қозғалады. Жіпке оранып, қуыршақ пайда болады. Ол көбелектің үйі. Біраз уақыттан соң көбелек шығып, қанаттарын кептіріп, ұшады. Мұрттарымен иіс сезінеді. Көбелектер гүлдің шырынымен қоректенеді, көздерімен айналынып бағдарлайды. Көбелектер гүлдерді тозаңдандырады, талшығынан жібек мата алынады.

Дәстүрлі емес техникасымен көбелекті бояу жұмысы

Мақсаты: жаттығу шығармашылықты дамытады, қиялын оятады.

Материалдар: парақ, су құйылған құтылар, сулы бояу (акварель).

Өтілу барысы:

Балалар отырады. Балалар өз қағаздарын екіге бүктейді, бүктелген бір бөлігіне қылқаламмен көбелектің бір бөлігін салады, содан соң оны бояйды. Боялған көбелектің жарты бөлігін екінші қағаздың жарты бөлігімен біріктіреді. Сонда қағаз бетіне түгелдей

көбелектің бейнесі түседі.

Суретке байланысты сұрақтар қою:

- Көбелегіңді қандай түсті бояумен боядың?
- Неге?

«Ғажайып көбелектің түсі» ертегісі

- Бір таңғажайып елде, үлкен гүл алаңында түстер көбелектері өмір сүреді. Күндіз олар ұйықтап жатады, ал түн болғанда оянып, жан-жаққа ұшады. Әр көбелек өз адамына, үлкенге де, кішіге де ұшып барады. Түстер көбелегінің қанаттары ғажайып. Оның қанатынан гүлдің, жаңбырдың иісі шығып тұрады. Көбелек қанатымен қағып қалса, сол адамға жақсы түс кіреді, ал қара көбелек қанатымен қақса қорқынышты түстер кіреді.

- Өз түстеріңді естеріңе түсіріңдерші, сендер қандай түстер көрдіңдер? Қорқынышты түстер көресіңдер ме?

Психолог балаларға қорқынышты түстер көрсететін көбелектердің көрсетіп, оларды жыртып тастауға ұсынады. Балалар қара көбелектерді жыртады.

Психолог: Міне, біз енді ондай түстерден қорықпайтын боламыз.

- Балалар, сендер мына көбелектерді қандай түсте көргілерің келеді? Осы көбелектерді бояйық.

Балалар сурет бояйды.

- Ал, енді балалар, кішкене сергіп алайық.

«Болады, болмайды» ойыны

Барысы:

Психолог сөздерді айтады, ал балалар солай болуы мүмкін болса, онда қолдарын шапалақтайды, егер ондай мүмкін болмаса, онда аяқпен топылдатады.

Мысалы:

Қасқыр орманда кезіп жүреді – алақан шапалақтайды.
Қасқыр ағаш басында отыр – аяқтарын топылдатады.

Кастрюлде кесе қайнап жатыр –

Мысық үйдің төбесінде қыдырып жүр –

Ит аспанда жүзіп келеді –

Қыз үйдің суретін салып отыр –

Тренинг: Қорқыныш

Орманда қараңғы, түрлі дыбыстар шығады. Ол не екен? Қорқып кеттік. Балалар, қорыққанда не істейміз? Тұрып қаламыз. (Мимикамен көрсетеді) көзін жұмады. Ой, қорқынышты болып кетті, бұл қорқынышты жануар шығар, бір дауыс естіледі. Көзімізді ашып қарайық. Ол кішкентай ғана қояндар екен. Оны қолымызға алайық, жылытайық, сипайық. Міне, қоянмен дос боламыз, енді қорықпаймыз.

III Қорытындылау

Өзін-өзі бағалау немесе өзін бағалау

Үй жұмысы:

• Бүгінгі сабақ ұнады ма, қандай әсер алдың?

• Бүгінгі сабақта саған не жаңалық болды?

«Көбелек» тақпағын жаттау.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:

Балалар АРТ-терапиясының бөлімдері: сурет салу, құм, ертегі терапиясындағы жаттығуларын білуі керек.

Болу керек:

Балалардың көбелектер жайлы білімі болу керек.

Үйрену керек:

Қорқыныш сезімін жеңе білуге үйрету.

ТҮСТЕР ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

ГАЛИМОВА Гулжан Бақтиярқызы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасы Казталов ауданының «Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің педагог-психологы

Сабақтың түрі және қатысушы оқушылар

Топтық сабақ: 3-4 жас

Сабақтың тақырыбы: «Түстер әлеміне саяхат»

Сабақтың мақсаттары

а) Түзете дамыту:

Балаларға негізгі төрт түстерді топтастыруға үйрету. Балалардың коммуникативтік-ақпараттық құзыреттілігін молайтып, ой-түйсігін, қиялын дамыту. Сенсорлық ойлау қабілетін дамыту.

Балалардың түсті қабылдау, және түс туралы түсініктерін жетілдіру. Көру арқылы есте сақтау, және қиял, ойлау қабілеттерін дамыту.

Ойынға қызығушылықтарын арттыру.

б) Тәрбиелік:

Оқушыларды достыққа, татулыққа, бірлікке тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже

- Тапсырманы тиянақты орындауға үйрету;

- Танымдық үрдістерін дамыту;

- Ойынға қызығушылығын арттыру.

Сабақта қолданатын әдістер мен тәсілдер

Жылулық шеңбері, сергіту сәті, топтық жұмыстар

Маман аралық байланыс

Олигофренопедагог, логопед, музыкалық жетекші, тәрбиеші, ЕДШ нұсқаушысы

Психологиялық дайындық.

Босаңсу жаттығуы

- Балалар, кәнеки, бір-бірімізбен амандасайық. Мен сендерді «Шаттық шеңберге» шақырамын.

Шаттық шеңбері.

Қайырлы күн, қайырлы күн!

Күліп шықты күн бүгін!

Қайырлы күн, қайырлы күн!

Дос боламыз біз бүгін!

Жаңа сабақты түсіндіру.

Балаларға сабақтың тақырыбын айтып, қысқаша ақпарат беру.

1. «Доптарды орналастыр»

Мақсаты: ойын арқылы балалардың өзара қарым-қатынасын бақылауға және көңіл күйлерін көтеру.

Балалар бөлмеде еркін қозғалады. Стақандарға доптарды апарып орналастырады.

2. «Түрлі түсті шарлар»

Мақсаты: жылдамдықты, ептілікті дамыту.

Шарларды түсіне қарай қораптарға салу.

3. «Жұлдызқұрт»

Мақсаты: ұсақ қол моторикасын дамыту. Негізгі түстерді топтастыруға үйрету: қызыл, сары, жасыл,

көк. Балалардың түсті қабылдау және түс туралы түсініктерін жетілдіру.

Жұлдызқұрт бейнеленген таспаға бау өткізу.

4. «Кім жылдам?»

Мақсаты: жылдамдықты, дәлдікті дамыту. Балалардың түсті қабылдау және түс туралы түсініктерін жетілдіру.

Балаларға қолдарына түрлі-түсті шеңберлерді байлап, түстеріне қарай сәйкес доптарды тауып құлатып, түсін айту.

5. «Жапырақ жинау»

Мақсаты: түстер туралы білімдерін бекіту. Қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Кеңістікте бағдарлауын дамыту. Үлкен-кішіні ажыратуға үйрету.

Балаларға үлкен және кіші жапырақтарды бөліп, себетке жинау, түстерін айту, үлкен-кішіні ажыратып, айту.

6. Сергіту сәті «Көңіл күй»

Мақсаты: кеңістікте бағдарлауын дамыту. Дене мүшелерін тез табуға, ажыратуға үйрету.

Балалар қол, аяқ бейнелері бар суретті қайталау, музыка әуенімен қайталап, би қимылдарын жасау.

7. «Түрлі түсті доптар»

